Сыр бойы

№45-46
(20518-20519)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

25 наурыз, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ШАХМАТТЫ ДАМЫТУ ЖӨНІНДЕ ПІКІР АЛМАСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласы Шахмат федерациясының құрметті президенті Динара Сәдуақасованы қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен шахматтан әйелдер арасында халықаралық гроссмейстер Динара Сәдуақасова елімізде шахматты дамыту жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысына Динара Сәдуақасова елімізде шахматтың танымалдылығын арттыру үшін атқарылып жатқан жұмыстар және келешектегі жоспары жөнінде баяндады.

Оның айтуынша, балалар арасында шеберлік сағаттары мен квалификациялық турнирлер ұдайы ұйымдастырылып тұрады.

Президент Динара Сәдуақасованы былтыр жыл соңында Алматыда өткен Әлем чемпионатында шахматтың рапид түрінен күміс медальға қол жеткізуімен тағы да құттықтап, шахматшыларға мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев белгілі шахматшыға алдағы жарыстарда сәттілік тіледі.

Наурыз

БІРЛІКТІҢ БАСТАУЫ, ЕЛДІКТІҢ ДАСТАНЫ

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫҚ МЕЙРАМЫ

Ұлыстың ұлы күніне орай ұйымдастырылған мәдени шаралар 1 наурыз – Алғыс айту күнінен бастау алды. Мерекеге орай 14-22 наурыз аралығында әр күнге тақырыптық атау беріліп, түрлі бағыттағы 300-ге жуық іс-шара өткізілді. Әз Наурыз күні орталық алаңда «Бірліктің бастауы, елдіктің дастаны – Наурыз» атты мереке өтті.

Салтанатты шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев сөз алып, жылы лебізін жеткізді.

– Наурыз – ұлы даланың ұлық мейрамы. Көнеден келе жатқан мағынасы мәнді, тағылымы терең мереке. Бұл күн – бүгінге дейін дәстүрлі сипат алып, халықтың ақжарма тілек айтып қарсы алатын торқалы тойы. Ұлыстың ұлы күні – ұлт болып ұйысып, болашаққа бағдар құратын сәт. Сыр өңірі желкенді жетістіктер мен тағылымды табыстар ордасына айналды. Біз өткен жылды жемісті қорытындыладық, зор жетістіктерге қол жеткіздік. Жақсылықтың жаршысы болған биылғы жылды толайым табыстармен бастадық. Екі күн бұрын еліміз үшін саяси маңызы бар Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттарының сайлауы өткізілді. Сыр өңірі бірлік пен тұтастықтың ерен үлгісін көрсетіп, республика бойынша ең үздік көрсеткішке қол жеткізді. Сыр халқы саяси науқанда да бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай болып, елдігімізді, береке-бірлігімізді дәлелдеді. Сыр жұртшылығы қашанда жарқын болашақ жолында байыпты қадамдарымен қарқынды дами бермек. Әз Наурызда тілеген игі ниеттеріңіз қабыл болсын. Еліміз тыныш, тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай, – деді облыс әкімі.

«Наурыз айы туғанда,
Той болушы еді бұл маңда.
Сақталушы еді сыбаға,
Сапарға кеткен ұлдарға», – қазақтың муза ақыны Мұқағали Мақатаев жырлаған осы өлең жолдары әлі күнге өміршеңдігін жоймай келеді. Орта Азия еліне ортақ Наурыз мерекесін қазақ халқы жыл сайын сән-салтанатымен жоғары деңгейде қарсы алады.

Жалпы, әз Наурыз мерекесі – көне дәуір күмбіріндей дәстүрлер дәріптеліп, құндылықтар ұлықталатын сәт. Бұл күндері аналар жеті түрлі дәмнен наурызкөже пісіріп, адамзат баласы бір-біріне мейірімділік танытатын болған. Халық бұл күнде жетім-жесір мен жоқ-жітіктерге қол ұшын беріп, олардың ұлы күнге сай шат-шадыман, көңілді жүруін қамтамасыз етуге жағдай жасаған. Самарқанның көк тасы еріген күн – қазақ даласы үшін құт-берекенің басы.

Ұлыстың ұлы күнін Сыр жұртшылығы да айрықша атап өтті. Көнеден жеткен төл мереке күні мұқым елдің мейманасы тасып, ән-жырдан шашу шашып, көпшілік наурызкөжеден дәм татты.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

6-бет

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қадірлі ағайын!

Күллі мұсылман қауымының асыға күткен қасиетті Рамазан айы мүбарак болсын!

Сіздерді көңілге – қанағат, ынсап, жүрекке – мейірім, шуақ, адамға – ынтымақ, ауызбіршілік сыйлайтын отыз күн оразаның басталуымен шын жүректен құттықтаймын!

Рамазан – мұсылман үшін айлардың ең қайырлысы, уақыттың ең киелісі.

Құран Кәрім осы айда түсе бастаса, мың айдан да қадірлі болып саналатын Қадір түні де осы айдың ішінде.

Ішкі дүниемізді жаман ойдан арылтып, сыртқы дүниемізді теріс әрекеттен тазартатын ораза – исі мұсылман қауымының үлкен сабыр мектебі.

Шарапаты мен шапағаты мол ай адамзатты ізгілікке, берекебірлікке жетелеп, жабыққанға жанашыр, қамыққанға қайырымды, бір-біріне көмектесіп, бауырмал, мейірімді, кішіпейіл, кешірімді болуға шақырады.

Бір ай бойы астан ғана емес, бейәдеп сөзден, жат қылықтан тартындырып, төзімге тәрбиелейді.

Құрметті жерлестер!

Берекесі мен бірлігі, татулығы мен тірлігі жарасқан Рамазан айында жасаған игі амалдарыңыз, тілеген барлық дұға-тілектеріңіз, ықылас-ниетпен ұстаған оразаларыңыз қабыл болсын!

Елді жақсылыққа бастайтын қасиетті айда әрбір отбасына шадыман шаттық, бақ-береке, амандық, егемен елімізге тыныштық пен өрлеу тілеймін!

Құрметпен,
облыс әкімі
Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ

Шымкентте Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Алматы облыстары және Шымкент қаласы әкімдік өкілдерінің қатысуымен өңіраралық инвестициялық форум өтті. Қызылорда облысының делегациясын облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Қожаниязов бастап барды.

ӨҢІРАРАЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ФОРУМ

Басты пленарлық мәжілісті Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов ашты. Форумға Сыртқы істер министрінің орынбасары Алмас Айдаров, Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Ілияс Оспанов, ҚР Өзбекстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Бейбіт Атамқұлов, ҚР Қырғыз Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі Рәпіл Жошыбаев қатысып, сөз сөйледі.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Қожаниязов өңірдің экономикалық дамуы және инвестициялық мүмкіндіктері туралы баяндама жасады. Форумның іскерлік бағдарламасына сәйкес облыс әкімдігі Германияның «Medal Vervaltungs» фирмасымен Қызылорда қаласының индустриялық паркінде фиброцемент, құрғақ құрылыс қоспаларын және пенобетон блоктарын шығаратын зауыттар салу туралы және «BSD Company» фирмасымен шыны ыдыстар шығаратын зауыт құрылысы бойынша меморандумға қол қойды.

Сонымен қатар, Қызылордадағы «Орда Glass» шыны зауыты шымкенттік «Авангард» серіктестігімен шыны жеткізу туралы келісім-шартқа отырды.

ТОЛҒАНДЫРАР ТАҚЫРЫП

ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ

ЖҰМЫССЫЗДАР САНЫН АЗАЙТА МА?

Биыл мектеп бітіргелі отырған Ақниет Ғалымжанқызы есімді жас түлек мамандық таңдауда әлі екі-ойлы екенін айтады. Өзі физика-математика бағытын таңдап отыр. Алайда таңдау пәндері сәйкес келетін қандай мамандық түрлері барын толық зерттемеген.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

– Дәл қазіргі кезде біз Ұлттық бірыңғай тестілеуге үлкен дайындық үстіндеміз. Әр апта сайын бізден сынама тест алынуда. Алғашқы қаңтар ҰБТ-да жақсы көрсеткішке ие болдым. Бірақ мамандықты әлі таңдамадым. Ата-анам мұғалім болғанымды қалайды. Өзім басқа саланы ұнатып отырмын. Қай мамандыққа грант көп бөлінеді, соған қарай құжаттарымды тапсырамын, – дейді ол.

Иә, аты-жөні өзгертіліп алынған біздің кейіпкеріміз секілді мамандық таңдай алмай жүрген қаншама түлек бар. Сарапшылардың айтуынша, адамдардың 60 пайызы мамандық таңдауда қателесіп, екінші рет қайтадан жоғары оқу орнына түсуге мәжбүр болады екен.

Қоғамға кез келген саланың білікті мамандары қажет. Экономиканың дамуы, технологиялық процестердің енуіне байланысты бір мамандық жойылып, жаңасы ашылып отыратынын ескеру қажет. Цифрландыру дәуірінде электрондық құжаттарға көшуге байланысты IT жүйелерінің мамандары қазір де, болашақта да керек. Сонымен қатар дәрігерлер мен мұғалімдер сұраныстан түспек емес. Білім сапасын көтеруге көп көңіл бөлініп жатыр.

3-бет

2023 ЖЫЛҒЫ 19 НАУРЫЗДА ӨТКЕН ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМДЕР БОЙЫНША САЙЛАНАТЫН ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАР

2023 жылғы 19 наурызда Қызылорда облыстық мәслихатының партиялық тізімдер бойынша сайланатын депутаттарының сайлауы болып өтті.

Сайлаушылардың тізімдеріне 486034 азамат енгізілді. Дауыс беруге 325088 сайлаушы қатысты, олардың ішінде есептен шығару куәліктері бойынша 62 сайлаушы дауыс берді, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс 4285 сайлаушы дауыс берді.

Сайлауға 6 саяси партия қатысты.

Саяси партиялар үшін дауыс саны:

«Amanat» партиясы – 219248 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 68,51 проценті;

«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы – 13465 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 4,21 проценті;

«Respublica» партиясы – 10773 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 3,37 проценті;

Қазақстан Халық партиясы – 9037 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 2,82 проценті;

Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы – 10493 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 3,28 проценті;

«Ақ Жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы – 50805 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 15,87 проценті;

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 6220.

Дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының бес және одан көп процентін алған саяси партиялар үшін депутаттық мандаттардың былайша бөлінгені белгіленсін:

«Amanat» партиясы - 13;

«Ақ Жол» Қазақстанның Демократиялық партиясы - 3.

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясы

2023 ЖЫЛҒЫ 19 НАУРЫЗДА ӨТКЕН ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАР

1. 2023 жылғы 19 наурызда Қызылорда облыстық мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын депутаттарының сайлауы болып өтті.

Сайлаушылардың тізімдеріне 486034 азамат енгізілді. Дауыс беруге 304837 сайлаушы қатысты, олардың ішінде есептен шығару куәліктері бойынша 11 сайлаушы дауыс берді, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс 3908 сайлаушы дауыс берді.

Кандидаттардың жалпы саны – 49.

Қызылорда облыстық мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша депутаттарының сайлаудың мынадай қорытындылары белгіленді:

№1 сайлау округі бойынша

Жұмашев Мейрамбек Тоғысұлы үшін сайлаушылардың 19587 дауысы берілді.

Қалиев Рахан Байтілесұлы үшін сайлаушылардың 1589 дауысы берілді.

Махатов Бауржан Ибрашұлы үшін сайлаушылардың 2412 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 258;

№2 сайлау округі бойынша

Адилбаев Талгатбек Каражанович үшін сайлаушылардың 1585 дауысы берілді.

Өтеген Нұртуған Сәдірханұлы үшін сайлаушылардың 1752 дауысы берілді.

Тілеп Ібайдулла Тілепұлы үшін сайлаушылардың 18668 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 681;

№3 сайлау округі бойынша

Дармағамбет Ғани Хайруллаұлы үшін сайлаушылардың 3002 дауысы берілді.

Имандосов Нұрлан Самұратұлы үшін сайлаушылардың 20604 дауысы берілді.

Мамбетжан Бақытбек Қасқырбекұлы үшін сайлаушылардың 3915 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 157;

№4 сайлау округі бойынша

Бердекеев Ғабит Амитбекұлы үшін сайлаушылардың 3517 дауысы берілді.

Қалиев Ерлан Піртазаұлы үшін сайлаушылардың 3749 дауысы берілді.

Өтегенов Алмат Қожақметұлы үшін сайлаушылардың 909 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 1455;

№5 сайлау округі бойынша

Зерханұлы Ердос үшін сайлаушылардың 2111 дауысы берілді.

Саметов Балтабай Мақсатұлы үшін сайлаушылардың 2446 дауысы берілді.

Төлепов Орынбасар Өтепұлы үшін сайлаушылардың 21631 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 441;

№6 сайлау округі бойынша

Қалиянов Бауыржан Тобаұлы үшін сайлаушылардың 1029 дауысы берілді.

Райымбек Әнуарбек Кеңесбайұлы үшін сайлаушылардың 1154 дауысы берілді.

Шаймағанбетов Әмірбек Бердібекұлы үшін сайлаушылардың 13124 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 496;

№7 сайлау округі бойынша

Ембергенов Жұмабек Әшімұлы үшін сайлаушылардың 10921 дауысы берілді.

Көшербаев Нұрхан Серікұлы үшін сайлаушылардың 3726 дауысы берілді.

Рахымжанов Әлібек үшін сайлаушылардың 3463 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 241;

№8 сайлау округі бойынша

Әлімбетов Ғани Құрбанбекұлы үшін сайлаушылардың 2429 дауысы берілді.

Жұмбеков Дәулет Егембергенұлы үшін сайлаушылардың 22551 дауысы берілді.

Мұсаев Қанат Барлыбайұлы үшін сайлаушылардың 3625 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 319;

№9 сайлау округі бойынша

Мүсілім Жамур Әбілхайрұлы үшін сайлаушылардың 3033 дауысы берілді.

Сарсенов Ербол Калкузович үшін сайлаушылардың 2714 дауысы берілді.

Ысқақ Жанкелді Ойшыұлы үшін сайлаушылардың 19040 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 284;

№10 сайлау округі бойынша

Амитов Нуридин Егембердиевич үшін сайлаушылардың 17490 дауысы берілді.

Ильясов Бекболат Икрамович үшін сайлаушылардың 2092 дауысы берілді.

Турсынханов Ерлан Султанбекович үшін сайлаушылардың 2131 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 575;

№11 сайлау округі бойынша

Асқаров Талғат Асқарұлы үшін сайлаушылардың 1865 дауысы берілді.

Козейбаев Сапар Алияскарович үшін сайлаушылардың 1672 дауысы берілді.

Ниязов Мұхтар Мәуленұлы үшін сайлаушылардың 10900 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 495;

№12 сайлау округі бойынша

Айтуғанов Қожабек Ерболатұлы үшін сайлаушылардың 1496 дауысы берілді.

Мұстафа Садық Шоңмұрынұлы үшін сайлаушылардың 6956 дауысы берілді.

Серімбетов Ардақ Асанханұлы үшін сайлаушылардың 1369 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 601;

№13 сайлау округі бойынша

Әбенов Сәкен Рахметұлы үшін сайлаушылардың 1239 дауысы берілді.

Сақтағанов Қанағат Жанайбекұлы үшін сайлаушылардың 5287 дауысы берілді.

Тайманов Сейілбек Абзалұлы үшін сайлаушылардың 1082 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 657;

№14 сайлау округі бойынша

Алиакбаров Асқар Пернебекұлы үшін сайлаушылардың 1648 дауысы берілді.

Ералиев Мағжан Абзалұлы үшін сайлаушылардың 6939 дауысы берілді.

Қази Дәулет Қазиұлы үшін сайлаушылардың 1201 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 826;

№15 сайлау округі бойынша

Мәмбетов Әбілқасым Әбілдаұлы үшін сайлаушылардың 1344 дауысы берілді.

Оңғарбаев Аманжол Сақыпұлы үшін сайлаушылардың 7728 дауысы берілді.

Оспанов Ерлік Әнуарбекұлы үшін сайлаушылардың 1302 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 654;

№16 сайлау округі бойынша

Байкенжеев Таңат Қожахметұлы үшін сайлаушылардың 2389 дауысы берілді.

Ерназаров Қайрат Шаршыбекұлы үшін сайлаушылардың 7164 дауысы берілді.

Көлдиев Дархан Нұрмағанбетұлы үшін сайлаушылардың 1399 дауысы берілді.

Файзуллаев Мәделхан Нышанбекұлы үшін сайлаушылардың 1322 дауысы берілді.

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 1108.

2. Қызылорда облысы мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша депутаттарының сайлауының қорытындысы бойынша сайланды:

№1 сайлау округі бойынша – Жұмашев Мейрамбек Тоғысұлы, 1978 туған, «Тоғыс - Аралотын» ЖШС директоры, Қызылорда облысы, Арал қаласында тұрады.

№2 сайлау округі бойынша – Тілеп Ібайдулла Тілепұлы 1959 жылы туған, «Тілеп» ЖШС-ның директоры, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде тұрады.

№3 сайлау округі бойынша – Имандосов Нұрлан Самұратұлы 1977 жылы туған, «РЗА-Агро» ЖШС директоры, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентінде тұрады.

№4 сайлау округі бойынша – Қалиев Ерлан Піртазаұлы, 1962 жылы туған, Байқоңыр мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінің басшысы, Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласында тұрады.

№5 сайлау округі бойынша – Төлепов Орынбасар Өтепұлы, 1962 жылы туған, «Жаңажол» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Дүр Онғар ауылында тұрады.

№6 сайлау округі бойынша – Шаймағанбетов Әмірбек Бердібекұлы, 1963 жылы туған, «Қызылорда автобус паркі» ЖШС директорының орынбасары, Қызылорда қаласында тұрады.

№7 сайлау округі бойынша – Ембергенов Жұмабек Әшімұлы, 1976 жылы туған, Азаматтарға арналған Үкімет мемлекеттік коорпорациясы Сырдария аудандық бөлімінің басшысы, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінде тұрады.

№8 сайлау округі бойынша – Жұмбеков Дәулет Егембергенұлы, 1962 жылы туған, «Ақмая» шаруа қожалығының төрағасы, Шиелі ауданында тұрады.

№9 сайлау округі бойынша – Ысқақ Жанкелді Ойшыұлы, 1958 жылы туған, «Ысқақ» жеке кәсіпкерлігінің директоры, Қызылорда қаласында тұрады.

№10 сайлау округі бойынша – Амитов Нуридин Егембердиевич, 1968 жылы туған, Қызылорда облыстық көпбейінді облыстық аурухананың директоры, Қызылорда қаласында тұрады.

№11 сайлау округі бойынша – Ниязов Мұхтар Мәуленұлы, 1985 жылы туған, Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық академиялық театрының директоры, Қызылорда қаласында тұрады.

№12 сайлау округі бойынша – Мұстафа Садық Шоңмұрынұлы, 1966 жылы туған, «Қайсар» Қызылорда облыстық футбол клубы» ЖШС директоры, Қызылорда қаласында тұрады.

№13 сайлау округі бойынша – Сақтағанов Қанағат Жанайбекұлы, 1966 жылы туған, «Асар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы, Қызылорда қаласында тұрады.

№14 сайлау округі бойынша – Ералиев Мағжан Абзалұлы, 1989 жылы туған, «Абзал және Компания» ТС директоры, Қызылорда қаласында тұрады.

№15 сайлау округі бойынша – Оңғарбаев Аманжол Сақыпұлы, 1968 жылы туған, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры, Қызылорда қаласында тұрады.

№16 сайлау округі бойынша – Ерназаров Қайрат Шаршыбекұлы, 1965 жылы туған, «Бақ-береке 2030» ЖШС директоры, Қызылорда қаласында тұрады.

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясы

ПІКІР-ПАЙЫМ

НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕРГЕ БАСПАЛДАҚ БОЛҒАН КҮН

Бұрынғы сайлауларға қарғанда бұл сайлауда жұртшылық ынтасының өзгеше екені көрініп тұрды. Халықтың келешектен үлкен үміт, нақты нәтиже күтетіні, таза сенімі анық байқалды. Өйткені, ел-жұрт отыз жылғы бірсарындылықтан мезі болған.

Бүгін әділетті Қазақстан құрамыз деп жатырмыз. Жаңа реформалар жүзеге асырыла бастады, сөз бен істің нәтижесі көрінді. Олай болса халық пен биліктің дәнекері, әділетті мінберден әрбіріміздің қажетімізге қарай іс қылатын, дуалы сөз айтатын азаматтарымыз қашан да қолдауға ие. Сырбойылықтардың осындай қолдауын сайлау нәтижесі де көрсетті.

Қызылордалықтардың ауызбірлігін тағы бір мәрте дәлелдеген дауыс беру қорытындысында біздің облысымыз бірінші орынға шықты. Өңірдің өзге аймақтарға қарағанда жоғары көрсеткішке ие болуы тек салыстырмалы санау нәтижесі емес, жерлестеріміздің ынтымақ, бірлігі деп білеміз.

Бүгінгі күні облыс өмірінен нәтижелі жұмыстарды, игі бастамаларды көріп отырмыз. Ұзақ жыл сүрленген шыны зауытында еңбек ырғағы басталды. Қала жолдары кеңейіп, шет аймақтарға газ кіргізіліп жатыр. Баспана беру ісі де жалғасын табуда.

Алысса жеңіп, жарысса озатын кешегі батыр аталарымыздың ұрпағы, бүгінгі жерлестеріме болашағымыз жарқын болсын, қашан да осы ауызбірліктен айырылмайық деген ақ тілегімді арнаймын.

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы

ЖАРҚЫН КЕЛЕШЕККЕ СЕНЕМІН

Мен қаладағы № 263 сайлау учаскесіне қараймын. Өзім бала күтіміне байланысты үйде отырған анамын. Кішкентайларымды әжесіне қалдырып, жолдасым екеуміз бірге барып дауыс бердік.

Таңмен таласып келіп жатқандар көп болды. Бұл кезекті науқан Ұлыстың ұлы күні қарсаңында өткендіктен жақсы көңіл-күймен бардық. Қала ішінде автобустар да тоқтаусыз жүріп жатыр екен. Таңертең ерте барып, өз таңдауымызды жасадық.

Келушілерге ыстық бауырсақ, наурызкөжеден дәм ауыз тигізді. Тұрғындар бір-бірін берекелі әз Наурызбен құттықтап, ақ тілектерін білдіріп жатты. Әсем ән шырқалып, жұртшылыққа көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Еліміздің болашағын ойлаған әрбір адам сайлауға барды деп ойлаймын. Бұрынғыдай емес, халықтың белсенділігі жоғары болған секілді. Әсіресе, біздің облыс өзге өңірлердің алдына шықты. Бұл саяси науқанға бейжай қарамайтынымызды білдіреді. Мен балаларымның келешегі жарқын болатынына сенемін.

Ақтоты ТЫНЫМБАЕВА,
қала тұрғыны

БІРЛЕСТІК БІРЛЕСІП ЖҰМЫС ЖАСАДЫ

«Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы республикалық қоғамдық бірлестігінің облыстық филиалынан тіркелген екі мыңнан астам байқаушы аймақтағы барлық 344 сайлау учаскелерінде сайлау туралы заңнамаға сәйкес бақылау жүргізді.

Науқанға дайындық кезінде байқаушылар арнайы оқыту курстарынан өткізіліп, әдістемелік құралдармен толық қамтамасыз етілді. Бұл ретте коалиция байқаушылары 2021 жылғы Парламент Мәжілісі мен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының сайлауында, 2022 жылғы Жалпыұлттық референдум мен Президент сайлауында байқаушы ретінде қатысқан тәжірибелі мамандар екенін атап өткен жөн.

Жинақталған ақпарат негізінде кешенді мониторинг жасалды. Қорытынды ақпаратқа сәйкес, сайлау барысында айтарлықтай резонанстық оқиғалар тіркелмеді. Алайда, сайлау барысында біршама кемшіліктердің орын алғаны анықталды. Мысалы, дауыс берушілердің екі адамнан кабинаға кіруі, сайлау үйіне мас күйінде келу секілді бірқатар оқиғалар тіркелді. Сонымен қатар, байқаушылар сайлау заңдылықтарының орындалуын бақылаудан бөлек, орталық штабқа дауыс берушілердің саны, орын алған құқық бұзушылықтар мен қабылданған шешімдер бойынша сағат сайын есеп берді. Біздің байқаушылардың есептеріне сәйкес, сағат 20.00-ге Қызылорда қаласы бойынша сайлаушылардың 41 пайызы дауыс берсе, жалпы облыс бойынша 70 пайызға жуықтады.

Жандос ТҰСМАҒАНБЕТОВ,
«Дауыс» қоғамдық байқаушылар коалициясы республикалық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы

ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ

ЖҰМЫССЫЗДАР САНЫН АЗАЙТА МА?

Пандемия кезінде медицина мамандарының тапшылығына куә болдық. Медицинаның белгілі бір саласына маманданған білікті дәрігерлер қажет екені де көрініп қалды. Әсіресе, вирусолог мамандардың маңызын вирустық аурулар тараған кезде жете түсінгендей болдық.

Өмірде екі нәрсені таңдауда жаңылыспау керек болса, соның бірі – мамандық таңдау. Өмірлік жолыңды қалыптастыратын мамандықты дұрыс таңдау, білікті маман болуда шешім жасау маңызды рөл атқарады. Дәл осы шешімнің соңғы нүктесін қоюда әр түлек қателеспеуге тиіс. Өйткені, оның соңы экономикамыздың дамуына кері әсер ететінін ұғынуы керек. Мынадай деректі келтіре кетейік. Жоғары оқу орнын бітірген түлектердің 60%-ы өз мамандығы бойынша жұмысқа тұрмайды. Оған бірнеше себеп бар. Кейбірі грант үшін өзі қаламаған мамандықта білім алуға мәжбүр болады. Кейін оқу бітірген соң ол бағытта жұмыс істемейді. Міндетті түрде кәсіби бағдарды саналы түрде, дұрыс жасау керек. Жастар мамандықты беделі мен жалақысы үшін таңдаса, кейбіреулер тек диплом алу үшін ғана оқиды. Сондықтан да кәсіби білім сапасының деңгейі жеткіліксіз болады. Егер материалдық құндылықтар үшін ғана емес, жүрек қалауымен таңдаса кәсіби шеберлердің көбеюіне алып келеді. Сол үшін мамандықты мектеп бітірер сәтте ғана емес, бірнеше жыл бойы саралап, ойланып таңдау керек. Айталық дамыған елдерде мамандыққа баулуды балабақшадан бастайды. Ал бізде мектеп бітіретін кезде «Кім болам?» деп басы қатып жүргені.

Бұл ретте Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Рекрутинг және мансап» басқармасының басшысы Жандос Оразмахановтың пайдалы ақпараттары жас түлектерімізге өте қажет деп есептейміз. Біз кәсіби бағдар берушімен арнайы барып сөйлесіп, пікірін білген едік. Жас түлектерге мамандықты дұрыс таңдап, кәсіби бағдар беру үшін құрылған орталықтың жұмысы бүгінде жанданып келеді. Тек оқуға студенттерді тартып, бағыт беріп қоймай, биылдан бастап олардың жұмысқа орналасуына да ықпал етпек.

– Жыл бойы облыстағы 9-11 сынып оқушыларымен кездесіп, қалай дұрыс мамандық таңдауға болады, қандай жағдайда грантты иеленудің мүмкіндігі артады деген сұрақтарға жауап береміз. Айталық, былтыр облыста 7600 оқушы мектеп бітірсе, биыл 8200 оқушы түлеп ұшқалы тұр. Алдыңғы жылы 6800 оқушы алтын ұясымен қоштасты. Қарап отырсаңыз, демографиялық өсім жыл сайын артуда. Дегенмен бұл мемлекеттік конкурста бәсекелестікті жоғарылатады. Біздің мамандар өткен жылы қабылдау комиссиясында тегін кеңес беру арқылы облыс түлектерінің 75 пайызының грантқа түсуіне себепші болды. Жасыратыны жоқ, қазіргі жастар Алматы, Астана секілді мегаполистерде оқығанды қалайды. Еліміздің үлкен қалаларында білім алуына да қарсы емеспіз. Бұл ретте кеңесімізді айтып та жүрміз. Алайда жыл сайын 300 түлек бірінші семестрден соң облысқа қайтадан ауысуға өтініш жазады. Бұл бірнеше фактормен байланысты. Біріншіден, жатақхана мәселесі болса, екіншіден ауа райына үйренісе алмаудың әсері бар. Қазақта «алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала» деп те жатады. Сұранысқа ие оқу орындарының ішінде үздік ондықтың қатарындағы университет болғандықтан, туған жерде білім алуға намыстанбау керек. Екі жыл ішінде контингентті екі есеге көтерген біздің басқарма жұмысының нәтижесі де жоқ емес. Бұл біздің материалдық-техникалық базамызды жаңартуға, шәкіртақы мен мұғалімдер жалақысының көбеюіне септігін тигізді, – дейді Жандос Шынжырбайұлы.

Әр бітіруші түлек өзіне «мамандық таңдауда қателеспеу үшін қай салаға барсам білікті маман болып шығамын?» деген сұрақты қоюы керек. Тек техникалық мамандар керек, гуманитарлық мамандар қажет емес деу дұрыс емес. Заңгер көп, бірақ білікті заңгер аз, экономист көп, бірақ білгірі жетіспейді. Сондықтан ең алдымен білікті маман керек. Мына салада маман жетіспейді екен деп бара беруге болмайды. Сол үшін басты нәрсе қай салаға барсаң да, үздік маман болуды ойлау керек. Мұғалім болсаң үздік мұғалім, дәрігер болсаң үздік дәрігер болған абзал.

Жоғарыдағы сауалды тағы Жандос Оразмахановқа да жолдаған едік.

– Кезінде Білім және ғылым министрлігі шығарған статистикаға назар аударғым келеді. Қазір адамдардың 60 пайызы өз мамандығымен жұмыс жасамайды екен. Өйткені жыл сайын 1000-1500 адам екінші диплом алуға құжат тапсыратынына куә болып жүрміз. Демек, бірінші алған дипломы қажет болмаған немесе өзінің жұмыс жасап жатқан саласы бойынша дипломның қажет болуы да мүмкін. Бұның екі жағы бар. Қарап отырсаңыз, 4 жыл уақыт зая кетті. Жоғарыда келтірген статистикалық деректің туындауына не себеп дегенге келетін болсақ, 87 пайыз ата-ана мен оқушы қай мамандықтың актуалды екенін білмейді. Ал 70 пайыз бала ата-ананың ықпалында кетеді. Бұл ауыл жастарында көп. Әрине, ата-ана баласының жаман болғанын қаламайды. Ол өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйенеді. Бірақ қазіргі заманның сұранысымен санасу да керек. Бір қателік – осы. Екіншісі, достарымен бірге бір мамандыққа түсіп, бір жерде оқу деген ұғым бар. Өкінішке қарай, достармен өмір бойы жүрмейсіз. Уақыты келгенде әркім өз жолымен кететіні анық. Сондықтан қай салаға қабілетіңіз мол, нені жақсы көресіз жүрегіңізден сұрау керек. Тағы бір айта кетерлігі, ата-ананың мамандығы баланың болашағына да әсер етуі мүмкін. Мәселен, әкесі дәрігер болса, онда баласының бұл салаға таңдауы түссе онда ұтылмайды. Қайта керісінше, ұтары көп, себебі алда бағыт-бағдар беріп отыратын нағыз жанашыры бар. Біз оқушыларға мамандықтың жаманы жоқ деп айтамыз. Кез келген адам өз саласының шыңын бағындыруы керек, – дейді ол.

Дәл қазіргі уақытта «Мамандығым – болашағым» атты өңірге қажетті жаңа мамандықтар атласы жасалуда екенінен хабардар болдық. Бұл атлас арқылы өңірге қажетті мамандықтарға грант бөлудің тиімді тәсілі ұсынылады. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» кешенді жоспарында «жаңа мамандықтар» бағдарламасы бар.

«BTS Education» компаниясының жасаған жобасы «еңбек кз» сайтында орналасқан. Онда тоғыз сала бойынша қандай жаңа мамандықтар ашылады, қай мамандықтар ескіреді немесе сұранысқа шығатын мамандықтар тізбесі қамтылған. Олар – ауылшаруашылық, тау-кен, мұнай-газ, құрылыс, қаржы, коммуникация және ақпараттық бағдарламалар, мемлекеттік басқару, білім, машина жасау. Осы басты құжат бойынша әр өңірге қажетті мамандықтар тізімі сараланады. Университеттің «Рекрутинг және мансап» басқармасының мамандары өңірге қажетті 5 негізгі саланы іріктеп алуда. Олардың қатарында өндіріс, білім, логистика, құрылыс, ауыл шаруашылығы бар. Басқарманың алдында тұрған ендігі міндет – осы саланың ішінен негізгі үшеуін таңдап алу. «Атамекен» ұлттық палатасымен бірлесіп, облыстағы компаниялармен байланыс орнату арқылы болашақта қандай мамандар қажет екені туралы кеңес алу да жоспарда.

«Негізі қандай мамандықтар сұранысқа ие?» деген сұрақтың жауабын табу үшін кәсіби бағдаршылар мемлекеттік тапсырыс негізіндегі грантқа зер салса жеткілікті дейді. Мәселен, мемлекеттік грантты Үкімет 4 жылға береді. Демек, төрт жылдан соң қандай мамандықтар қажет екенін осыдан көруге болады. Айталық, былтыр мектепке дейінгі тәрбие беру саласына 170 грант болса, биыл 250 грантқа артып отыр. Бастауыш сынып мұғаліміне 395 грант бөлінсе, қазір 563 грант қарастырылуда. Қарапайым мысал, грант арткан сайын сол салаға сұраныс артады дегенді білдіреді. Қазір мұғалім мамандықтарына грант саны өсуде. Ал керісінше экономика, құқық саласына мемлекеттік гранттар аз. Енді қай мамандықтарға грант көп дегенге келетін болсақ, бұл инженерлік мамандықтар екеніне көз жеткіземіз. Құрылыс саласына 2600 грант, тау-кен ісіне 1600, механикаға 1500, энергетикаға 1800 грант бар. Ең көп бөлінген сала IT мамандарына бағытталған. Мәселен, 2021 жылы 2500 грант бөлінсе, былтыр 4000 грант берілген. Демек жыл сайын сұраныстың артып келетінін көруге болады.

Осы тұста кей мамандар «бірінші – сан, кейін – сапа» десе, сарапшылар грант санының өсуі дипломы бар жұмыссыз жастардың артуына әкеледі деген пікір айтады. Өткен жылдың аяғына жақын өңірге іссапармен келген Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин еліміздегі оқу орындарында дайындалып жатқан IT мамандарының саны көп те сапасы сын көтермейтінін тілге тиек еткен болатын. Сондықтан жыл сайын бұл мамандарды даярлап шығаратын оқу орындарының материалдық базалық жағдайын да жақсарту керек шығар деген ой қосқымыз келеді. Мемлекет жыл сайын гранттар санын көбейтіп қана қоймай, университет пен колледждердегі білім сапасына қатысты талаптарын да күшейтуі керек секілді.

Жалпы, еңбек нарығы үнемі өзгеріп отыратыны белгілі. Бүгін сұранысқа ие мамандықтар ертең қажетсіз және ақысыз болып қалуы әбден мүмкін. Ондай өзгерістерді болжау оңай емес. 2020 жылға қарай технологиялардың дамуына байланысты әлемде 5 миллион жұмыс орны қысқаратыны да белгілі болған. 2030 жылға қарай роботтар 800 миллион жұмыс орнын ауыстыра алады дегенге сенесіз бе?

Бұрын жаңа мамандық 20-30 жылда пайда болса, қазір әр 3-5 жылда пайда болады. Бірақ оған қарамастан мамандық ескі болғанмен, маңызды күшін жоймайтын салалардың бар екені белгілі. Мәселен, Канаданың «Canadian Business Magazine» журналының деректері бойынша осы елде әлі күнге дейін мұнай және газ өндіру саласындағы менеджерлерге сұраныс өсе түскен. Оның бірден-бір себебі, мұнай өндірісінде тәжірибе маңызды болып есептеледі. Сондай-ақ геологтар мен океанографтар Канаданың пайдалы қазбаларын қоршаған ортаға елеулі зиян келтірместен пайдалану жолдарын табуда маңызды рөл атқаратын мамандықтар ретінде құнды. Олардың бүгінгі таңда көмір өнеркәсібінде де сұранысының өсуі жалғасуда.

Ал енді жаңа мамандықтар жайына келер болсақ, сарапшылардың айтуынша, 2030 жылға қарай елімізде 57 мамандық түбегейлі жойылып, оның орнын 180 мамандық басады. Қазіргі уақытта өзгеретін мамандықтардың басым бөлігі сұранысқа ие, дегенмен олардың өзектілігін сақтау үшін мамандарға жаңа техника мен дағдыларды игеру қажет. Мамандықтардың атауы өзгермеуі мүмкін. Алайда мамандық ішіндегі біліктілік талаптарының деңгейінде біршама жаңарулар болады. Мамандар жоғалып бара жатқан мамандықтарға назар аударуды сұрайды. Оның негізгі екі себебін де атап көрсетеді. Біріншісі, цифрландырудың дамуы қол және ақыл-ой еңбегі мамандарының азаюына әкеледі. Екіншісі, кей мамандықтар біртіндеп жоғалады. Олардың қатарында бухгалтер, аудармашы, кітапханашы, турагент, даяшы бар көрінеді.

1-бет

КӘСІП ПЕН НӘСІП

КӘСІПКЕРІ КӨП АУЫЛ

Үш жарым мың халқы бар Қожакент ауылы Жаңақорған ауданында орналасқан. Мұндағылар көбіне-көп егін егіп, төрт түлік өсіреді. Әсіресе, ірі қара мен Қамбар ата түлігі баршылық. Мал бордақылап, онысын саудаға шығарып отырғандар да жоқ емес. Иә, тынымсыз тіршілік қылған жұрттың берекесі бекем, ауызбіршілігі мықты болары даусыз. Ақсақалын қадірлеп, жастарын еңбекке құштар қылған ел ішінде кәсіпкерлік те кенже қалмаған. Олар жай кәсіппен айналысып қана қоймай, тапқан табысының азды-көпті бөлігін ауыл дамуына жұмсайтынын естідік.

Sb **Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»**

Қожакентте 250-ден астам жеке кәсіпкерлік тіркеліпті. Мұнан бөлек, 5 ауыл шаруашылығы кооперативі бар. Олар негізінен егін және мал шаруашылығымен айналысады. Ал жеке кәсіпкерліктің көпшілігі – сауда-саттық пен қызмет көрсету, яғни, дүкен, жеке балабақша, жанармай бекеті, шаштараз, мейрамхана, той жабдықтарымен қызмет көрсету, токарлық цех және мал сою алаңы сынды нысандар. Алдағы уақытта монша құрылысы аяқталып, дәріхана да ашылмақшы. «Шаңырақ» атты сауда маркеті халыққа қолжетімді бағамен керектісін ұсынып отыр. Сондай-ақ ауылда күріш ақтайтын заманауи цех жұмыс істейді.

Біз ауыл ішінде өткен жылы ғана ашылған жаңа цех жұмысымен таныстық. Жас кәсіпкер Мейірбек Үсенов «Жанайым» жеке кәсіпкерлігін құрып, үй құрылысына қажетті заттарды өңдеуде. Мысалы, үй шатырын жабуға, сондай-ақ ауланы қоршайтын қаңылтырларды түрлі формаға келтіреді. Сондай-ақ үй ішінде декоративті жөндеу жұмыстарына қажетті өнімдердің бірсыпарасын да осы цехтан табасыз. Мұнан бөлек, жақында үйдің еденге бетон қабатын құю кезінде пайдаланатын тор көзді сымтемір де шығармақшы.

– Былтыр тамыз айында цех жұмысын қолға алдық. Ал өңдеуге қажетті техникалық жабдықтарды жеке қаражатыммен жыл соңында сатып алдым. Жалпы 70 млн теңге шамасында ақша жұмсалды. Басты мақсат – құрылысқа қажетті заттарды өзімізде өңдеп, сырттан келетін өнімге тәуелділікті азайту. Осылайша шикізат күйінде алдырып, аудан көлемінде құрылысқа керек кейбір дүниелерді шығаруды бастап кеттік. Жалпы ел ішінде әулет болып кәсіпкерлікпен айналысқалы көп жыл болды. Әкем Изатулла ауыл шаруашылығы өнімін өндірумен айналысып, 30 шақты тұрғынды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. 2020 жылы спорт кешенін тұрғызып, жастар мен оқушылар сондағы спорт үйірмелерінде шынығып келеді. Аудан мен облыстық жарыстарда жеңіске жетіп жүргендер баршылық. Ауылішілік көшелерді абаттандыруға да көмегін тигізеді. Жалғыз біз ғана емес, қожакенттік кәсіпкерлер қолдағы барын халықпен бөлісіп, ел ішіндегі тұрмысы төмен отбасыларға ұдайы қолдау көрсетіп келеді, – дейді жас кәсіпкер.

Мейірбек бүгінде жаңа цехта төрт ауылдасын жұмыспен қамтыған. Ал келешекте ағаш кесу және өңдеу цехын іске қосу жоспарда бар.

Айта кетейік, Қожакенттегі кәсіпкерлік тізгінін ұстағандардың қатарында жастар да көбейген. Бүгінде 40-тан астам жас түрлі кәсіппен айналысып, өз-өзін жұмыспен қамтып отыр.

Жаңақорған ауданы

БАЗАР ЖЫРАУ ОҢДАСҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА 180 ЖЫЛ

Толғаулық поэзияның көрнекті өкілі

Ойлар ойға, сөйлер сөзге келгенде алдына жан салмайтын табиғи дарын иесі, толағай тектес толғаулар тудырып, «Жыраулардың жампозы» атанған Базар жырау Оңдасұлы есімінің өзі өмір сүрген уақыттан бастап күні бүгінге дейін исі қазақтың жадында жатталып келуі тегін емес. «Елу жылда ел жаңа» дегендейін, заман өзгерген сайын уақыт лебіне ілесіп, халық санасы да жаңғырып отырмақ.

Осындай тұстарда тарихымыздағы таңдаулы тұлғалардың жас ұрпақ жадынан ұмытылып кетпеуіне күш салу – ғылым мен мәдениеттің міндеті ғана емес, аға ұрпақтың адамгершілік парызы да. Қасиетті сөз өнерін қастерлейтін халқымыздың руханият дүниесіне нәр беретін өткен ғасырлардағы ақын-жыраулары-мыздың шығармаларының баспа, жазу істерінің кенжелеп қалуына қарамастан таралуы мен қабылдануы жағынан адам таңғаларлықтай жетістіктермен ерекшеленуінің сыры ұлтымыздың ұлылығынан, оның бітім-болмысындағы өнерге, қасиетті сөз өнеріне деген ерекше шығармашылық қарым-қатынастан көрінеді.

Шығармашылық ғұмыры XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың алғашқы 10 жылдығына тура келетін Базар жыраудың жыр-толғауларының сол кездің өзінде-ақ Сыр бойына ғана емес, еліміздің түкпір-түкпіріне, Батысы мен Шығысына, Оңтүстігі мен Солтүстігіне тарап үлгіргені туралы, сондай-ақ осы аймақтардағы сөз ұстанған, өнер қуған өнерпаздардың оның жырларымен ауызданып өнер жолын бастағаны жөнінде нақты деректер ғылымға белгілі.

Жыраудың өзі:

«Қазақты сүттей ұйытты,
аузымнан шыққан лебізім»,
немесе:
«Дабылым кетті алысқа,
Жиреншенің өзіндей».
иә болмаса:
«Дабылымды есітіп,
құмар дейді көрмекке,
сонау жатқан төменгі,
Астраханьның бойында,
Он екі ата – Байұлы»,–

деп жырласа, ақынның замандас інісі Оразымбет Естайлақұлы «Қарындастың қамы үшін» атты Базар жырауға арнаған толғауында:

«Дабылың кетті, Базеке,
Жиреншедей ұзаққа.
Петербор, Мәскеу, Марғұлан,
Орал мен Төрткөл, Жызаққа»,

– деп бір-ақ қайырады. (Келтірілген үзінділер «Базар жырау» шығармалары, – Алматы: Жазушы, 1986, кітабынан алынып отыр). Бұл мысалдардан Базар жырау Оңдасұлының ақындық, жыраулық орбитасының әуел бастан кең болғанына көз жеткіземіз.

Өмірбаяндық дерегіне келгенде саңлақ жыраудың толық шығармаларын жинақ етіп тұңғыш шығарған, шығармашылық өнерін оның есейген, азаматтық, ақсақалдық дәуірі өткен көршілес Өзбекстан Республикасының Тамды аумағында болып, оны көрген қариялардың, ұрпақтарының айтқандарына негіздеп жазған, үнемі шығармаларын айтып, насихаттап жүретін маркұм Шәрібек Алдашевтің пікірін, дерегін бірден-бір дұрыс мәлімет деп ұйғардық. Шәрібек Алдашев Базар жырау шығармалар жинағына жазған алғысөзінде «Базар Оңдасұлы бұрынғы Сырдария губерниясы, Қазалы уезі, Көшербай болысының 6-ауылында Жаңадарияның Шірік-Рабат деген жерінде (Қазіргі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ленин ауыл советі) 1841 жылы күз айында дүниеге келген» (Алдашев Ш.Базар жырау шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1986.) – деп жазады. Бұл айтылған мәліметтің дәл екеніне бірнеше қосымша деректер келтіруге болады.

Мәселен өзбекстандық бауырлар, ұлы жыраудың ұрпақтары Базар Оңдасұлының туғанына 150 жылдық мерекесін 1991 жылы атап өтті. Кейбір мәліметтерге қарағанда, оның 1841 жылы туғанын 1970 жылдары көзі тірі немересі Күлзада да растаған. Демек, туған жылы туралы бір тоқтамға, яғни 1841 жыл деп келуіміз керек. Бұл жерге артық дау-дамайдың керегі жоқ. Ал дүниеден қайтқан жылы туралы ешқандай талас жоқ. Ол – 1911 жылы.

Базар жыраудың шығармалары Сыр өңірінен шыққан ақын-жыраулардың ішінен алғашқылардың бірі болып С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ә.Диваев, Ә.Марғұлан, М.Әуезовтің қолына тиген. Әдеби әрі ғылыми айналымға өз тұстастарына қарағанда ертерек түсуі, әдебиет жинақтарына енуі жырау мұраларының ел аузында көп айтылып, жатталып келуінен ғана емес, оның ғалымдар мен зерделі жинаушылардың назарын еріксіз аударатындай үздік үлгілілігі мен көркемдігінен болса керек. С.Сейфуллин: «Бұқар жыраудан кейінгі қазақтың ірі жырауы – Базар жырау», – десе, М.Жұмабаев: «Асса елдің қамын ойлаған, қалса өзінің ойына терең бойлаған»,– деп ақындық қарым-қабілетін жоғары бағалайды. Сөз қадірін білетін саңлақ суреткерліміздің Базар жырау шығармаларын назарға алып, ғылыми зерттеуге негіз етуі мұраларының кәсіби әдебиет пен ғылымнан онды бағасын алуының басталғанын дәлелдейді.

Базар жырау дәстүршіл ақын, жырау болған. Есін білгелі ел аузындағы жыр-термелерді, толғаудастандарды жаттап өсу жыраудың балалық шағына тән базарлы уақыты, ал халық ауыз әдебиетінің мол қазынасы, тарихи әдебиеттің тағылымды мұралары, өзі өмір сүрген өнер ортасы, бұлар – оның өмірлік те, өнерлік те оқулықтары еді.

«Құлаштап дүние сені қармансам да, керімі келген шығар ер Қорқыттың», – дейді жырау. Бұл жолдардағы Қорқыт есімін жай ғана атала салған деп ұғынбағанымыз жөн. Бір қызығы Сыр сүлейлерінің барлығы да өздерінің жыр-толғауларында Қорқыт есімін атап отырады, өздерінің туындыларын Қорқыт дәстүрінің жалғасы деп мегзейді. Демек, Сыр сүлейлерінің шығармаларын Қорқыт дәстүрінен бастау алатын, сондай-ақ еліміздің түкпір-түкпіріндегі ақын-жыраулар шығармаларымен тығыз байланыста дамып келіп, әдебиет тарихына алтын қор болып қосылған құнды дүниелер деп есептейміз. Базар жырау шығармалары да өзінен бұрынғы әдебиетпен табиғи тамырлас болып келіп, әдебиеттің ұлттық дәстүрін жалғастырған.

Қазақ поэзиясындағы арнаулардың XIX ғасырдың әдеби мұрасына жататын жырау шығармаларындағы үлгілеріне назар салсақ, бұлардан бір ғажабы әрі дәстүрлі толғау үлгілі поэзияның сипаты, әрі жазба әдебиетке тән ерекшелік, белгілер байқалады. Толғаудың синкретті жанрлық түр ретінде лирикалық поэзияның жанрлық түрлерінің бірнешеуінің жүгін бір өзі арқалап келгені туралы қазақ әдебиеттануында бұрыннан айтылып жүрсе, осы шындыққа Базар жырау арнаулары арқылы анық көз жеткізуге болады. Бұның өзі XIX ғасырдағы тарихи әдебиет үлгісі – толғауларымыздың жазба, кәсіби әдебиетке толық алғышарт бола аларлықтай жағдайда болғанын көрсетеді. Жалпы әдебиетіміздің қай дәуірдегі, кезеңіндегі болмасын лирикалық поэзияны қазақ толғауларынсыз бөліп алып қарастыру, зерттеу дұрыс бола бермейді. Керісінше, қазақ лирикалық поэзиясының туып, қалыптасу, дамуы деген мәселелерде толғау үлгілі поэзиямызды негіз, алғышарт, ағысты арна тұрғысынан әлі де болса зерттеп-зерделей түскеніміз абзал. Жалпы ақынжанды, сезімтал қазақ халқының лирикалық түйсігі, түсінігі, пайымы, ақыл-ойы өлең сөзінен гөрі толғау терминінде көбірек жатқанға ұқсайды. Осы орайда, Ш.Уәлихановтың өз кезінде өлең сөзінің қазақтарға Тобыл татарларынан енгеніне 50-ақ жылдай уақыт болды дегені еріксіз ойға оралады. Сондай-ақ академик Қ.Жұбановтың түркіпендер толқынды толға деп атайды, толғау сөзі осы толғадан, толқыннан шыққан деп айтқаны да ескеруге тұрарлық. Лирикалық сезім де, сыр да көңіл толқынысынан тумай ма? Лирикалық поэзияны таза субъективті, ақынның ішкі сезім, мұңынан, көңіл-күйінен тұрады деп жататынымыз да сондықтан. Бұл жерде айтпағымыз толғау болсын, өлең болсын бұлардың бәрі лирикалық поэзия, демек кәсіби жазба әдебиетіміздегі Абайдан басталатын лирикалық поэзиямыздың тарихи-теориялық кез келген мәселесін қазақ өлеңдерінсіз, толғауларынсыз зерттей алмасақ керек.

Базар жырау толғауларын жеке шығармашылық тұрғысынан ғана емес, жалпы әдебиет тарихының көлемінде, әдебиет тарихы дамуының контексінде қарастырсақ, оның назар аударарлықтай бірнеше қырларын атап өтуге болар еді.

Арнау өлеңдер – қазақ поэзиясындағы дәстүрлі жанр. Біріншіден, халық ауыз әдебиетіндегі арнау өлеңдер халқымыздың тұрмыс-салтымен біте қайнасып кеткен күйінде тұрмыс-салт жырлары деп аталып кеткен де, бұндай жырлар кейіннен тарихи әдебиетке, жазба әдебиетке кәсіби-ленген жағдайда сіңісіп кеткен. Тұрмыс-салт жырлары түрінде әдебиеттегі тарихын өте ертеден бастаған арнау өлеңдердің жалпы қазақ өлеңінің тарихы мен теориясы үшін қисын-қағидалар қалыптастырудағы орнына Базар жырау толғаулары негізінде біршама тоқталып өтуге болады.

Базар жыраудағы «Беташар», «Темірге көңіл айтуы», «Көнек Жалғасбайдың ел-жұртымен бақұлдасуы», «Пішанның Төребайына көңіл айтуы» сынды толғауларды, міне, осы бағытта қарастырамыз. Бұл толғауларда сол дәстүрлі тұрмыс-салт өлеңдерінің мазмұндық сипаты, пішіндік қалпы сақталған деуге болады. Өлең толғаудың композициясы өзінің нысанындағы персонажға бағытталып құрылуымен ерекшеленеді. Жырау не айтса да сол «персонаж» төңірегінен ұзамай, оған өлеңмен сипаттама, мінездеме беріп отырады. Бұл «персонаж» дүниеден өтіп кеткен адамдар болуы да немесе жаңа түскен келіншек күйінде келіп отыруы да дәстүрге сыйымды. Мәселе Базар жыраудың арнау толғауларының дәстүрден озып дүниеге келуінде, әдебиет тарихын ілгерілетуінде, сөйте отырып дүниеге жазба әдебиет үлгілеріне тән сипатпен келуінде, өзінен кейінгі не қатар дүниеге келетін кәсіби әдебиет туындыларына шығармашылықпен игілікті әсер ете алуында демекпіз.

Жоғарыда аталған толғаулардың дәстүрге беріктігімен бірге жаңашылдық сипатының молдығы – ерекше назар аударуға тұрарлық сипат. Көңіл айту, көңілді өлеңмен айту бұл – дәстүршілдік белгісі болса, ал арнаудың нысанындағы адамды, «персонажды» толыққанды, жан-жақты сипатталған, мінезделген, тіпті жинақталғандай болып көрінетін әдеби бейне дәрежесіне көтеріп жырлау бұл – енді жаңалық.

Базекеңнің «Пішанның Төребайына көңіл айтуы» толғауы – міне, осындай сипатты шығарма. Арнау толғаудың бірінші бөлімінде 18 жасар ұлы Ысқақтан айырылған, қайғыдан басын көтере алмай жатқан Төребай биге Базекең көңіл айтып ұзақ толғайды. Төребай – Сыр өңіріне кең танылған тұлға, би. Өз кезіндеақ ел абыройына бөленген қайраткер адам. Өлең нысанында өмірде бар адам, тарихи кейіпкер туралы айту әрі қиын, әрі оңай болғанымен, бұл жердегі ауырлық – қалған көңілді жібітіп, қалың қайғыны сейілтетіндей сөз тауып айту. Төребайдай тұлғаның анау-мынаудың сөзіне иліге, жіби қоюы да бейкәміл. Міне, осы талаптар дүниеге келетін шығарманың, яғни, көңіл айтудың өнерлік шарттары болатындықтан, Базекеңнің бұндай талаптарды ескеріп, көңіл айту барысында Төребайдың басын көтеріп, сөз құдіретіне елітіп жылап жіберетіні, арнау толғаудың көркемдік деңгейіне, өнер туындысына тән табиғатпен дүниеге келгенінің дәлелі бола алады. Базар жырау көңіл айту барысында Адам Ата – Хауа Анадан басталған адамзат тарихына шолу жасайды, Төребайдың атабабасына, әулет-зәузатына тоқталып өтеді, Сыр елінің дүниеден озған атақты адамдарын тілге тиек етеді. Осылардың барлығын жырау өмірдің өтпелілігін, өлімді адам баласының бәрібір мойынсұнатынын айту үшін толғап келеді де, қыршын жас Ысқақтың өлімінің ерекше екенін есінен шығармай отырады және бір ерекшелігі көңіл айтудағы дәстүрлі тұспалдау, мезірет жасау, ишара білдіру әдістерін нәтижелі пайдаланып отырады.

«Ақырын істің оңғарсын,
Сыныпты бұтақ теректен», –

деген сияқты жолдар – осы айтқандарымызға дәлел. Көңіл айтудың бірінші бөлігі өмір, дүние, адам туралы тың толғаныстардан тұрады. Осындай ұғымдар төңірегіндегі ойлардың берілуінде, негізгі идеяны жеткізуде дәстүрлі көңіл айтулардың шарттары да сақталған. Бұл толғаудың да, басқа арнаулардың да сипаты біздіңше, өлең нысанындағы персонажға тоқталуында, яғни өлеңдегі негізгі кейіпкерге сипаттама, мінездеме жасалуында деп тұжырым жасауға болады. Толғаудың екінші бөлімінде тікелей Төребай туралы айтылады, оның ел алдындағы қызметіне баға беріледі. Төребай туралы айтыла отырып ел бірлігі, елдік пен ерлік, өмір, оның өзгермелілігі мен қысқалығы төңірегінде тоқталып отыру, салыстырмалы түрде адамдық қалыптар мен мінездер төңірегінде айту үшін өткен-кеткенді еске түсіріп жырлау – Базар жырауға тән ақындық қолтаңба, жыраулық жөн-жоба екенін айтар едік. Бұлардың барлығын жырау қайғыны жеңілдету үшін Төребайды қанаттандырып, қайрап отырып айтады. Көңіл айту мен жұбатудың дәстүрлі сілемдері сақталып отырған бұндай арнаудың жаңалығы реализмінде, өмір құбылыстарын сол қалпында уақытпен байланыстыра отырып дәл көрсете алуында деп есептейміз.

Базар жыраудың «Бақа биге» арнауында да сондай. Аз айтылса да, көп айтылса да Бақа би туралы айтылады. Ел басқарған болыс Бақаның Қосқұлақ бабасынан бері жалғасып келе жатқан қасиеттері жайлы жырланады:

«Жолдасын жауға бермеген,
Көлденең сөзге ермеген,
Ешкімді бөтен көрмеген,
Қосқұлақ еді бабаңыз», –

делінетін жолдар осыған дәлел. Арнау толғаудың жанрлық аясына Бақа биге түрлі сипаттама, мінездеме беріп отырумен бірге, өзінің басына түскен жағдайды, түрмеге түсіп қалғанын айтып, мұңын шағуды сыйғызып жіберу – Базар жыраудың жаңалығы, арнау өлеңнің күнделікті тіршілікте кездесе беретін жайттар мен көңіл-күйдің түрліше мотивтерін қамтып жырлауға ойыса бастағанының, яғни жазба әдебиетке толық алғышарт бола аларлықтай деңгейінің дәлелі. Осындай ілгерішіл үрдіс, дамуға бет алған жақсы бағдар жыраудың «Нарманға», «Лепес туралы», «Қалжан ахунға», «Маутанға», «Қаражан болысқа» арнауларында одан әрі толықтырыла түскен. Бұл толғауларда адамның кейбір мінездері сыналады. Жанрлық тұрғыдан алғандағы бұндай жетістікті толғаудың нысанындағы жеке адам бейнесінің емес, оның кейбір мінездерінің өлеңге арқау болғанымен дәлелдеуге болады. Адамның өзіне не бейнесіне жалпылама тоқтамай, оның мінезін даралауға жалқылап тоқталу шығарманың жанрлық тұрғыдан өсіп-дамып келе жатқанын, күнделікті өмір тіршіліктерін суреттеуге ойыса бастағанын дәлелдесе керек. Мәселен, «Қаражан болысқа», «Нарманға» арнауларында Қаражан мен Нарманның бар бола, бай бола тұра сараң екендіктері беттеріне басыла жырланса, «Лепес туралы» арнауында сараңдықпен бірге қолының сұғанақтығы, ұрлық жайы сыналады. Қалжан ахунға арнауында бақсылар мен балгерлердің, қожа-молдалардың жалған емшілігі, дүмше молдалығы, елді алдау мен арбаудағы айла-амалдары өткір айтылады. Бұндай өлеңдердің өмір танытушылық сыры тәрбиемен тікелей байланысты болатыны адамгершілік қасиеттер жайлы жырланып, нәтижесінде оның көлеңкелі тұстары сыналуынан көрінсе, өнерлік табиғаты арнау толғауларын жанрлық тұрғыдан өмір құбылыстарының ең бір нәзік және өте күрделі адам табиғатымен, адам болмысымен байланыстырып жырлауымен дәлелденеді. Толғауарнау адамға, адамның мінезі хақына арналуы суреткер үшін де, әдебиет тарихы үшін де үлкен жетістік. Өнер туындысының өмірмен қабысуы, тіршілік түйткілдермен, уақытпен үндесуі, қоғам дамуына үн қосуы – әдебиеттің дамудың даңғыл жолында келе жатқанының белгісі. Базар жырау толғауларының шындығы дәл осылай деп ой түюге толық негіз қалайды.

Базар жырау Сыдық сұлтанға арнауында:

«Кенеден туған Сыдық жүр,
Көрмеймін деп кәуірді,
Қойып Хаққа көңілді
Зорлығына көнбен деп,
Қолдан тізгін бермен деп.
Көңілі осылай бөлінді,
Сыбанып батыр білекті.
Қайтпаған қайсар жүректі,
Алла оңғарса тілекті
Кенеден туған ер төре
Келтірер өзі ретті.
Балдағы алтын ақ болат,
Білегіне бос салған,
Тайғақ кешу тар жолда
Ер жолдасын еске алған,
Шашақты қара ту алған» (Базар жырау Оңдасұлы. Жәмиғы қазақ бір туған. – Алматы: Дешті қыпшақ, 2008.), – делінеді де, осы мазмұнда әрі қарай жалғаса береді. Бұл арнаудың дәстүрлілігі – Сыдық сұлтанның кім болғаны жөнінде тыңдарманға, оқырманға мағлұмат, дерек бере алуында. Базар жырау да Сыдық сұлтанның бейнесін асқақтата жырлайды. Даңғайыр жырау сөз сапырып, асқан шеберлікпен, тапқырлықпен небір асыл теңеулерді, ажарлаулар мен ауыстыруларды Сыдық төре бейнесін сомдауға аямай-ақ жұмсаған. Бұл арнаудың артықшылығы ол бірыңғай марапаттау, мадақтаудан тұрмайды, бұнда саяси-әлеуметтік астар, сипат бар. Базар жырау Ресей патшалығына қарсы бағытталған Сыр елі қазақтарының ұлтазаттық күресінен хабардар етеді. Сыдық төрені осы көтерілістің басында жүргендіктен де мадақтап отырғанын ашық білдіріп отырады. «Зорлығына көнбен деп, қолдан тізгін бермен» деп жүрген Сыдық төре – Базар жыраудың арнауынан танып білгеніміздей, ұлттық батыр, қаһарман. Ол – ел басқарған хан емес, бірақ ұлтты зорлық-зомбылықтан, отарлық езгіден құтқару үшін күресіп жүрген батыр. Өзі де осы ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан, жырларымен оған дем берген Базар жырау арнауындағы Сыдық төре бейнесінің жасалуының осындай саяси астары бар. Біздіңше, өнер туындысы халық үшін туады және халықтың тарихындағы өшпес оқиғалардан хабар береді, бұл – оның шынайылығы, өміршеңдігі, нағыз өнер туындысына тән белгілерді, сыр-сипаттарды өз бойынан білдіре білуі. Демек, Базар жырау Сыдық төреге арнауында осы жанрлық түрдің қазақ поэзиясындағы жеткен жетістігін, дәреже-деңгейін көрсетеді. Сөйте отырып XIX ғасырдағы толғау үлгілі поэзиямыздың, жыраулар мұрасының XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас жағынан басталатын кәсіби, жазба әдебиетімізге толық алғышарт бола аларлықтай күйде болғанын дәлелдейді. Арнау жырдан XIX ғасырдағы қазақ халқының, оның ішінде Сыр бойы қазақтарының өмірінен маңызды деректер ала алсақ, Сыдық төре, Базар жыраудың ара-қатынасы, ерлік істері жөнінде хабардар болсақ, өнер туындысының өз міндетін атқарғаны емес пе?

Базар жыраудың Бақа болысқа арналған жыры да жанрлық сипаты жағынан қазақ поэзиясындағы дәстүрлі арнаулардан алшақ кетпеген. «Шөменнің алтын сақасы» деп аталатын арнау жырдың негізгі кейіпкері Бақа би – патшалық Ресей билігі тұсында болыс болған, ірі тарихи тұлға. Арнауда не айтылса да Бақа би туралы айтылады. Әрине арнаудың жанрлық сипатына сай жасалатын Бақа бейнесін бедерлеу үстінде жырау оған сипаттама, мінездеме жасап отырады.

«Үстіңнен дұшпан аспаған,
Аяққа пенде баспаған,
Сіз едің берен ағамыз.
Шыныңменен бұрқансаң,
Атасы басқа дұшпаннан,
Босар еді жағамыз.
Жолдасын жауға бермеген,
Ешкімді бөтен көрмеген,
Қосқұлақ еді бабаңыз» (Базар жырау Оңдасұлы. Жәмиғы қазақ бір туған. – Алматы: Дешті қыпшақ, 2008.)

Рулық жағынан Базар жырауға аға болып келетін Бақа болыс ел ішінде әділдігімен, ақылдылығымен ерекшеленген билік иесі болғандықтан, жыр жолдарында оны көтермелеу, мадақтау элементтерінің болатыны дәстүрге сыйымды. Осы жолдар әрі қарай:

«Ежелден халыққа жол айтқан,
Жәнібекұлы Кедейсің,
Бір істі алсаң қолыңа,
Ермейтін жан жоқ соңыңа,
Азды көпке теңейсің,
Қамқорың тиіп ғаріпке,
Қысылғандарға қол созып
Әруақша желеп-жебейсің.
Аждаһадай айбатың,
Жолбарыстай қайратың» (Базар жырау Оңдасұлы. Жәмиғы қазақ бір туған. – Алматы: Дешті қыпшақ, 2008.), – күйінде жалғасады. Көріп отырғанымыздай, арнау жырдағы Бақа болыс бейнесін сомдауда Базар жырау бірыңғай мадақтауларға бара бермей, оның азаматтық тұлғасын, адамдық бітім-болмысын мінездік сипаттаулар арқылы көрсетуге тырысқан. «Бір істі алсаң қолыңа, ермейтін жан жоқ соңыңа», «Қамқорың тиіп ғаріпке, қысылғандарға қол созып, әруақша желеп-жебейсің» деген жолдар – осы айтқандарымызға дәлел. Әдеби шығарманың сындарлы сипаты ондағы адам бейнесінің жасалуының дәреже-деңгейімен өлшенеді. Әдеби бейне қаншалықты шынайы, толыққанды жасалса, әдеби шығарманың, оның авторының мәні мен маңызы, көркемдік-эстетикалық қуат-күші, әдебиет тарихындағы орны соншалықты үлкен бола бермек. Базар жыраудың «Шөменнің алтын сақасы» деп аталатын арнау жыры да – қазақ поэзиясының өсу деңгейін, жеткен жетістігін көрсететін туынды, әдеби мұра.

Осы арнаудың бір ерекшелігі – Базар жыраудың басына түскен істі, жағдайды Бақа биге жеткізуінде, осы мазмұндық мотивтің жырдан орын алуында. Түрлі көңіл күй, жырау басындағы әртүрлі жағдайлардың жыр мазмұнына кестеленген көркем сөздер арқылы әдемі айналып отыруы – әдебиет тарихы үшін өскендіктің белгісі, толғаудың бір түрі дәстүрлі арнаулардың кәсіби жазба әдебиеттегі лириканың қызметін атқара бастауының айқын дәлелі.

Осы арнаудағы;

«Ассалаумағалейкүм,
Айбектің батыр Бақасы,
Шөменнің алтын сақасы,
Жақсы сөзбен ашылар,
Көңілдің қайғы-қапасы.
Жадыңа дұрыстап алмасаң,
Көзіңнің қырын салмасаң,
Қайратты туған би аға,
Арлаған Базар ініңнің,
Болмай тұр еркін сапасы» (Базар жырау Оңдасұлы. Жәмиғы қазақ бір туған.– Алматы: Дешті қыпшақ, 2008.), – деген жолдар – жоғарыда айтылғандай, арнаудың мазмұнына енгізілген жыраудың басына іс түскен сәтін ағасына болысқа, Бақа биге айтқанын көрсететін мазмұндық мотив. «Құйыршығын жар соққан, дарияның мен бір сазаны» деген сияқты сирек кездесетін метафоралық бейнелеулер жыраудың айтқанын әсерлендіріп, әрлендіріп тұрғанын айтсақ, бұнымыз Базар жыраудың суреткерлік шеберлігін, өзіндік қолтаңбасын тану мен таныту болып шығады.

Біз «Базар жыраудың әдеби мұрасы» деген ғылыми-зерттеу еңбегімізде Сыр сүлейлерінің шығармаларының негізінде қазақ толғауларын арнау, ой, сыр, ақындық толғаулар деп топтарға бөліп қарастырдық. Базар жыраудың жыр-толғауларын да осы классификациямен зерттеп-зерделедік. Толғауларының ішінен, әсіресе, арнау толғауларға көбірек тоқталдық. Арнау толғауларын зерттеп-зерделеуіміз арқылы олардың өн-бойында жазба, кәсіби әдебиетке тән бедер-белгілердің мол екеніне көзіміз толық жетті. Әдебиет өз заңдылығымен стихиялы түрде дамуы барысында іштей түлеп, түрленіп, жаңарып, жаңғырып отыратынына Базар жыраудың арнаулары мысал бола алады. Арнау толғаулардың ішінде әдеби бейненің толыққанды жасалуы, көңіл-күй мотивтерінің көптен орын алуы, әдеби бейненің портретінен бастап, ішкі мінез ерекшеліктеріне дейін айтылуы – олардың мазмұндық, жанрлық сипаты, ерекшеліктері. Сондықтан да Базар жыраудың арнау толғауларында жазба, кәсіби әдебиетке толық алғышарт, негіз болларлықтай сыр-сипаттың, қадыр-қасиеттің бәрі бар деген қорытындыға келдік. Тіпті, бізге жеткен деректерде жырау кейбір толғау, арнауларын молдаларға айтып отырып, жаздырып шығарған деп те айтылады. Ойымызды қорытындылар болсақ, Базар жыраудың шығармашылығы Абайдан басталатын кәсіби, жазба әдебиетіміздің ұлттық негізі, нәрлі топырағы, толық алғышарты болды.

Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры

«Сұрағанда әркім де береді, жомарт болсаң сұрамай бер» дегендей, анасын әркім де құрметтейді, ал, екінші анасы, енесіне келіндік парызды айтпағанның өзінде, перзентіндей қызмет ету екінің бірінде бар ма? «Балаң арам болса да, келінің адал болсын» деген сөзді қазақ тегін айтпаған. Біз бүгінгі әңгімеде Сыр елі қыз-келіншектерінің арасында ерекше аталатын есімдердің бірі Рәзия Қалжанова туралы айтпақпыз.

Sb Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Рәзия Қалжанова 1953 жылғы 30 наурызда Сырдария ауданында қарасты Бесарық ауылында Қалжан әке мен Ұмытқан ананың отбасында дүниеге келген.

Қалжан Тілеубергенұлы Ұлы Отан соғысына қатысқан. Бір жарым миллионға жуық совет адамы құрбан болған Ленинград, Сталинград майданы деп аталған қырғындардың қақ ортасына түсіп, тоғыз рет жараланып, майдан даласында ес-түссіз жатқанда оны әскери басшылары өлдіге де санап қойған. Ауылына бір емес, екі рет қара қағаз келген. Майданда қайтыс болғандардың дерегі жариялаған «Боздақтар» кітабының I томында «Жауынгер Қалжан Тілеубергенов 1942 жылы қаза тауып, Ленинград облысы, Липка деревнясы маңында жерленген» деген жазулар да бар.

Рәзияның әкесі «Жаңа-тұрмыс» колхозы төрағасының орынбасары, бригадир, қойма меңгерушісі секілді жұмыстар атқарған.Анасы Ұмытқан – он үш құрсақ көтерген, төрт перзентін қара жерге беріп қайғыда жүрсе де, қарым талды, белім бүгілді демей, ерлермен бірге етік киіп, еңбектің ауырын арқалаған жан.

Сол заманда «Жамбыл» колхозының бір фермасын басқарған Қосымбай деген кісі болыпты. Бір жылы сиырға қарасан келіп, қырылып қалған. Мұны тән алмаған басшылар күтімсіздіктен болды деп малдың шығынын Қосымбайдың мойнына артқан. Сол кезде Қалжан әке ауылдың ірібасты адамын өз үйіне жиып, қазан көтеріп, жазықсыз жігітке көмек беруге шақырған. Басқа айтса, қылар ма еді, жоқ па, сол кісінің сөзін жерге тастамай, жұрт бар малын базарлап, сиырларын сатып, ақшасына бір-екіден бұзау алып, жүз қаралы мал жиып берген. Сөйтіп, Қосымбай сотталудан аман қалған.

Міне, осындай елшіл, жұртшыл, үлкен жүректі кісілердің тәлімін алып өскен Рәзия да көпшіл, қоғамшыл болып қалыптасты.

1975 жылы Н.Гоголь атындағы педагогикалық институттың жаратылыстану факультетін бітірген Рәзия Сырдария аудандық комсомол комитетінде есеп және қаржы бөлімінің меңгерушісі, одан кейін аудандық комсомол комитетінің үшінші хатшысы, мектептер бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Бүгінгілер біле ме, жоқ па, комсомол жұмысы қызық болатын. Әр шаруашылықта, әр мекемеде үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, саяси сабақтар өтетін. Жастардың сондай бір араласуында қаладағы ПМК-66 мекемесінің жас маман инженері Орынбасармен танысады.

Бір-бірін ұнатқан жастар үйленуге сөз байласып, әке-шешелерінің рұқсатымен бас қосты. Ұзату тойына бірінші хатшыдан бастап, аудан басшылары түгел келді. Ол кездегі ұзатуда қазіргідей қыз бен жігіт бірге отырмайды. Өйткені, әлі некелері қиылмаған. Екеуі екі бөлмеде отырып, босағандан аттанарда ғана күйеу қыздың қолын ұстайды.

Осындай тойдан соң комсомолдық той болды. Сонда қала бойынша екіақ мейрамхана бар, Орынбасар мен Рәзияның тойы солардың бірі «Сырдария» мейрамханасында өтті. Той үстінде ПМК басшысы Виденеев өз мекемесі атынан жастарға екі бөлмелі пәтердің кілтін табыстады. Сол кездегі жас мамандарға деген қамқорлықтың бір көрінісі еді, бұл.

Рәзия түскен шаңырақта он алты жан болды. Қайынатасы да қайыненесі де ұстаз, мектеп мұғалімдері екен. Орынбасардың өзінен бұрын үйленген екі інісі бала-шағалы болып қалған. Қайынатасының тоқсанға таяп қалған шешесі Балбану да осы үйде тұрып жатты.

Тойдан соң жас келін өздеріне сыйға берілген пәтер кілтін қайынатасының қолына ұстатты. «Папа, қай баланызды бөлек шығарасыз, өзіңіз білесіз, мен сіздермен бірге тұра беруге дайынмын», – деді. Келінінің сөзіне іші жылып қалғанын сәл күлімсіріп білдірген атасы үндеген жоқ. Отағасы Сұлтан Көшкінбаев өте сабырлы кісі болатын. Содан сол жауапты екі ай күттірді, күз түсіп, күн салқын тарта бастағанда ғана бір шешімге келді. «Орынбасар – менің інім, кемпіршалдың баласы, шешесі міне, отыр. Сондықтан, жол сендердікі», – деді.

Бірақ, Рәзия дәл осыны күткендей буынып-түйініп тұра қашпады. «Үш бала мен әжені өзімізбен бірге алып кетейік», – деді жолдасына.

Қайнатасының қарындасы Шәрипа ападан қалған әлі жас үш ұл осы үйде еді. Олардың әке-шешелері қайтыс болған, екеуі оқушы, біреуі әлі мектепке бармаған. Өзі де біреуден қамқорлық күтетін шағында Мұңлық-Зарлықтарды қамқорлығына алды. Үлкен енесінің қас-қабағын бақты. Ешқашан мынау не, анау қайда дегенді естіртпеді. Әркімге тиесілі нәрсені айтпай біліп, орындап отырды.

Сөйтіп, жүріп өздері екі балалы болды, сол кезде ПМК-66 оларға үш бөлмелі пәтер берді.

Ал, енді Рәзияның енесі туралы сөзге келейік.

Нәзира Бәйімбетова – білім саласына танымал тұлға, ұлағатты ұстаз. Көп жыл бойы бірнеше мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болды. 1955-1961 жылдары Киров атындағы №143 мектептің директоры қызметін атқарды. Қазақ ССР Халық ағарту ісінің үздігі, КСРО Халыққа білім беру ісінің озаты.

Рәзия келін болып түскенде енесі елу жаста екен. «Келін ененің топырағынан» деген, алғашқы күннен-ақ ене мен келін бір-бірін сағына күтіп жүрген жандардай араласты. Нәзира ана өте биязы, ешкімнің бетіне жел болып тимейтін, қамқор пейілді кісі еді. Келінге жаңа келген жерінің үрдіс-әдетін айтып емес, көрсетіп жүріп сінірді.

Атасы да, енесі де өз кәсібі болған мұғалімдікке шын берілген, «қырық жыл ұстаз болса да, қырық бес минуттық сабағына дайындалудан» басқаға мойын бұра бермейтін, құлағы елдің әңгіме-сөзіне бітеу, көзі жақсы мен адалға ашық жандар болатын. Рәзия барғанда сол үйде бір қабырғаға жиналған кітаптан басқа дүниежиһаз атымен жоқ еді. Жас келін ең алдымен енесінің бойынан аса қарапайымдылық пен кішіктікті, мейірімділікті көрді. Сол көргенінен жазбады. Күні бүгінге дейін Рәзия біреудің жетпес тұсын көрсе, жалғап жібергісі келіп тұрады.

Өмір деген осы, содан бері де елу жылға жуық уақыт өте шығыпты.

1994 жылы енесі, 2008 жылы атасы қайтыс болды. 2016 жылы жолдасы Орынбасар өмірден озды. Қазір өзі ене, екі келін түсірді. Кейде өзін Нәзира енесінің орнына қойып көреді, келіндеріме сол кісідей бола алдым ба дейді, іштей толғанып.

Өткенге көз жіберіп отырса, баяғылардың «қамшының сабындай», «есік пен төрдей» деген сөздеріне ой бойлатады. Бір жылдары Сырдария аудандық Тұтынушылар қоғамы төрағасының кадр жөніндегі орынбасары, бастауыш партия ұйымының хатшысы, онан кейін аудандық Білім қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрайымы болды.

1997-2008 жылдары Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитеті төрайымының орынбасары, 2008-2012 жылдары «ҚазГермұнай» БК ЖШС Әлеуметтік даму және көпшілікпен байланыс бөлімінің бастығы қызметін атқарды.

2012 жылдан бүгінге дейін «ҚазГермұнай» ЖШС ардагерлер кеңесінің төрағасы, «Ардагер мұнайшы» қоғамдық қорының директоры болып абыроймен еңбек етіп келеді. Еңбегіне сай марапаттар да алды. Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің үздігі, ҚР Кәсіподақтар федерациясы мен ҚР Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақтарының «Еңбегі сіңген қызметкер» төсбелгісінің иегері атанды. Қызылорда қалалық мәслихаттың V шақырылымында депутат болып сайланды.

Екі-үш сөйлемге сыйып тұрған осынша жылдың қанша сыры, қанша мұңы, қанша қуанышы бар.

Үнемі оңаша қалғанда ойына енесі оралады. Қандай зият, қандай сұлу кісі еді. Ауыр жылдарда қанша салмақты көтеріп жүріп, Сыр елінің мыңдаған азаматының бойына білім нәрін, қазақтың ұлттық тәлімін сіңірді. Сонда ол кісінің атын өзі білетіндер ғана атап, ұмыт қала бере ме?

Осы ой Рәзияны атқа қондырды. Күндіз-түні тыным таппай ізденді, қанша ресми органдарды аралап, табан тоздырды. Аяулы ұстаздың атына өзі еңбек еткен бүгінгі Маханбетов ауылынан бір көше беру мәселесін көтерді. Оңай бола салатын не бар? Көрнекі тақтаны, тіпті әр үйге ілінетін атауларды да өзі жаздырды.

«Талпынған жетер мұратқа» деген, ақыры жергілікті ономастикалық комиссияның және Ақсуат ауылдық округі әкімінің шешімімен қала іргесіндегі Маханбетов ауылының бір көшесі ұлағатты ұстаз Нәзира Бәйімбетованың атына берілді.

Осы көшенің ашылуын жариялаған газет бетіндегі хабарда: «Н.Бәйімбетова атындағы көшенің ашылуына, одан соң аруаққа арналып берілген асқа қатысушылар осынау еске алу рәсіміне мұрындық болған ұлағатты ұстаздың келіні, «ҚазГермұнай» бірлестігі ардагерлер кеңесінің төрағасы Рәзия Қалжановаға ризалық білдірді» деп жазды.

Осы сөздің өзі – ене ізгілігін іздеген келіннің тек ризалық пен алғыс алып келе жатқан жайының бір сипаты.

Бүгінде жетпіс жастың белесіне шығып отырған Рәзия апаның өзі: «Менің көктеп-көгерген өмірім – әуелі Құдай, сосын үлкен енемнің батасы, анамдай болған кіші енемнің алғысының арқасы», – дейді. «Алтын алма, алғыс ал» дейді халқымыз, алтынның буы бір мезеттік, алғыстың туы ешқашан жығылмайды екен.

Нәзира Бәйімбетованың атына көше беріліп жатқанда Рәзия апамызға бір кісі келіп: «Анаңыз ба?» – деп сұрапты. «Енем ғой», – дейді бұл кісі. Сонда әлгі сұраушы: «Ойпырым-ай, тірісі былай тұрсын, тіпті қайтыс болып кеткен енесіне де осынша қызмет қылатын келін бар екен-ау», – деп таңғалыпты.

Осы бір екеуара айтылған сұрақ-жауап барша қазақ келіндеріне үлгі боларлық сөз еді.

01.02.2023 ж. жағдайы бойынша Қызылорда облысының қаржы нарығының жағдайы туралы

Тұтыну бағаларының индексі

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаментінің ақпаратына сәйкес 2023 жылдың қаңтар айына республика бойынша инфляция 1,1%-ды (аймақ бойынша – 1,2%) құрады. Инфляция құрылымында азық-түлік тауарларының бағасы 1,4%-ға (аймақ бойынша – 1,8%), азық-түлік емес тауарларға – 0,9%-ға (аймақ бойынша – 1,0%) өсті, ал ақылы қызметтерге – 0,7%-ды (аймақ бойынша – 0,4%) құрады.

Жылдық инфляция 20,7%-ды (аймақ бойынша – 20,9%) құрады. Инфляция құрылымында азық-түлік тауарларының бағасы 25,7%-ға (аймақ бойынша – 26,7%), азық-түлік емес тауарларға – 20,2%-ға (аймақ бойынша – 19,9%) және ақылы қызметтерге – 14,2%-ға (аймақ бойынша – 13,2%) өсті.

Банк секторы

2023 жылдың 1 ақпан деңгейінде Қызылорда облысы аумағында 9 екінші деңгейлі банктердің 10 филиалдары және 1 «Қазпошта» АҚ филиалы, 2 уәкілетті ұйым, 8 микроқаржы ұйымдары, 8 несие серіктестігі, 3 ломбард қызмет атқарды.

Айырбастау пункттердің жалпы саны – 55, оның 39-ы екінші деңгейдегі банк филиалдарының айырбастау пункттері, 14 – «Қазпошта» АҚ айырбастау пункттері және 2 уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері.

Банктегі депозиттер

2023 жылдың 1 ақпан деңгейінде облыстағы заңды және жеке тұлғалардың банктердегі салымдары 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8,3%-ға өсіп, 353,8 млрд теңгені құрады. Заңды тұлғалардың салымдары 159,4 млрд теңгеге 2,1%-ға төмендеді. Жеке тұлғалардың салымдары 18,8%-ға дейін өсіп, 194,4 млрд теңгені құрады.

2023 жылдың 1 ақпан деңгейінде облыстағы депозиттердің жалпы мөлшері (ағымдағы шоттарды қоспағанда) 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 22,2%-ға өсіп, 217,1 млрд теңгені құрады. Заңды тұлғалардың салымдары 41,1 млрд теңгеге 32,3%-ға өсті. Жеке тұлғалардың салымдары 20,1%-ға дейін өсіп, 176,0 млрд теңгені құрады.

Ұлттық валютадағы депозиттер көлемі (ағымдағы шоттарды қоспағанда) 31,2%-ға өсіп, 180,0 млрд теңгені құраса, шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8,2%-ға 37,1 млрд теңгеге төмендеді. Теңгедегі депозиттер үлесі – 82,9%, шетел валютасындағы үлесі – 17,1%.

2023 жылдың қаңтар айында ұлттық валютадағы депозиттердің сыйақы мөлшері 9,8% (2022 ж.қаңтар айында– 6,6%), ал шетел валютасындағы депозиттер бойынша –1,4% (2022 ж. қаңтар айында – 1,1%) құрады.

Банктердің экономикаға несиесі

2023 жылдың 1 ақпан деңгейіне екінші деңгейдегі банктердің экономиканы несиелеу көлемі 435,1 млрд теңгені құрады (2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 18,5%-ға өскен).

Жеке тұлғалардың несиелері 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 29,2%-ға артып, 402,0 млрд теңгені құрады, заңды тұлғалардың несиелері 40,7%-ға, 33,1 млрд теңгеге дейін төмендеді.

Қысқа мерзімді несиелердің көлемі 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 41,3%-ға артып, 38,9 млрд теңгеге тең болды. Ұзақ мерзімді несиелердің көлемі – 16,7%-ға артып, 396,2 млрд теңгеге дейін өсті.

2023 жылдың қаңтар айында екінші деңгейдегі банктерге берілген несиелер көлемі 28,7 млрд теңгені құрады (2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 55,1%-ға өскен).

Тұтынушылық мақсатына берілген несиелер бойынша қарыз көлемі 22,7%-ға өсіп, 262,8 млрд теңгені (жалпы қарыздан үлес салмағы – 60,4%-ды) құрады.

Ипотекалық несиелердің негізгі қарыздың өсімі 34,5%-ға өсіп, 67,0 млрд теңгені (жалпы қарыздан үлес салмағы – 15,4%-ды) құрады.

Кіші кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несиелер бойынша нақты қарыз 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 39,1%-ға өсіп, 67,6 млрд теңгені құрады (жалпы қарыздан үлес салмағы – 15,5%-ды құрады, ал 2022 жылы үлес салмағы – 13,2% құрады).

2023 жылдың қаңтар айында кіші кәсіпкерлік субъектілеріне несиелер бойынша 5,1 млрд теңге берілді (ал 2022 жылы 2,6 млрд теңге берілген). 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 2,0 есе артты.

Несиелер бойынша мерзімі өткен берешектер 14,7 млрд теңгені (44,1%-ға өскен) құрады. Негізгі қарыздың несиелер бойынша мерзімі өткен берешектердің үлесі 3,4%-ды құрады.

Нақты шетел валютасының нарығы

2023 жылдың қаңтар айында айырбастау пункттері 7,6 млн АҚШ долларын сатып, 3,3 млн АҚШ долларын сатып алды. 2022 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда АҚШ долларын сату бойынша белсенділік 20,3%-ға төмендегені, АҚШ долларын сатып алу көлемі 5,7%-ға өскені байқалды.

АҚШ долларын сатудың/сатып алудың орташа бағамы 2023 жылдың қаңтар айында АҚШ доллары үшін 466,35/461,12 теңгені құрады (2022 жылдың сәйкес кезеңінде – 436,85/433,29 теңге).

2022 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда еуроны сату көлемі 36,1%-ға (339,1 мың еуроға дейін) төмендеген, ал сатып алу көлемі 2,5 есеге (160,6 мың. еуроға дейін) өсті. Еуроны сатудың/сатып алудың орташа бағамы еуро үшін 498,24/491,92 теңгені құрады (2022 жылдың осы кезеңінде – 494,78/489,98 теңге).

Ресей рублін сату бойынша операциялар көлемі 66,3%-ға азайды (21,9 млн рубльге дейін), сатып алу көлемі 5,6 есеге (105,2 млн. рубльге дейін) өсті. Рубльдің сату/сатып алудың орташа бағамы 6,67/6,23 теңгені құрады (2022 жылдың ұқсас кезеңінде – 5,75/5,62 теңге).

Қаңтар айында Қытай юаньдарын сату бойынша операциялар болмады, сатып алу көлемі 3,5 есеге (5,6 мың юань дейін) өсті. Юань сатып алудың орташа бағамы 57,89 теңгені құрады (2022 жылдың осы кезеңінде – 61,38 теңге).

Төлем карточкалары

2023 жылдың 1 ақпан деңгейіне Қызылорда облысында айналымға шығарылған төлем карточкалары 7,0%-ға өсіп, саны 1912,0 мың бірлікті құрады.

Облыс бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету инфрақұрылымы жайлы жалпы көрініс: POS-терминалдар саны – 21 756,0 бірлік, банкоматтар – 407,0 бірлік, кәсіпкерлердің саны – 20 054,0 бірлік. Төлем жүргізу үшін карточкамен қабылдайтын сауда кәсіпорындарының саны 23077,0 бірлікке дейін артты.

2023 жылдың қаңтар айы бойынша төлем карточкаларын қолдана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдер саны 16 358,0 мың транзакциялардың сомасы 190,1 млрд теңгені құрады. (2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 68,2%-ға өскен және 70,0% -ға сәйкесінше).

Қызылорда облысы бойынша төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүргізілген қолма-қол ақша беру операциялары 601,3 мың транзакциялардың (8,1%-ға төмендеген), сомасы 42,3 млрд теңгені құрады(10,7%-ға өскен).

Толық мәліметтерді төмендегі телефондар бойынша алуға болады: +7(724) 255 15 22, +7(724) 255 15 23, e-mail: kuz_80@nationalbank.kz

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қызылорда филиалы

Бірліктің бастауы, елдіктің дастаны

Дәстүр дәріптелді

Наурызда халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрпы қайта жаңғырып, жаңаша жаңара түседі. Ықылым замандардан келе жатқан салт-дәстүрдің бірі – тұсаукесер рәсімі.

Тұсаукесер – сәби бесіктен шығып, еңбектеуден өткен соң, қаз тұрып, тәй-тәй басқанда жасалатын дәстүр. Бала екі табанымен тұрып, алғашқы қадам жасауға талпына бастаған сәтте ата-бабамыз «баламыз тез жүріп кетсін» деген ниетпен сәбидің тұсауын кестіріп, думандатып той жасайды. Ырымшыл халқымыз баласының тұсауын көбіне данагөй қарияға немесе ел анасына айналған әзиз әжелерге яки болмаса халықтың алдында жүрген азаматтарға кестіретін болған. Ондағы ойы – сол секілді жолы ашық, абыройлы болып ержетсін деген ақеден ниет.

Ұлыстың ұлы күні және Қызылорда облысының 85 жылдығына орай 85 баланың тұсаукесер рәсімі жасалды. «Этноауыл» мен облыстың 85 жылдығына арналған тарихи-танымдық көрме ұйымдастырылды.

Тұсаукесер рәсімінде аймақ басшысы Тасбөгет кентінде тұратын Нұрқасым Әбдіғаппар есімді баланың тұсауын кесіп, жолына жақсылық тілесті.

– Қуаныштан жүрегім жарылардай сезімде тұрмын. Бүгін қасиетті Наурыз күні ұлымыздың тұсауын кестірдік. Оны облыс әкімі кескендегі ішкі сезімімді айтып жеткізе алмаймын. Ұлымыз сол кісі секілді ұлтының азаматы болсын. Еліміз аман, балаларымыз бақытты болсын, – дейді анасы Нұргүл Сырлыбаева бізбен әңгімесінде.

Күмбірлеген көне әуен

Орталық алаңды айналдыра 38 киіз үй тігіліп, әр үйге өзіндік атаулар берілді. Әр киіз үйдің алдында түрлі ұлттық нақыштағы шаралар легі ұйымдастырылды. Бірі келін түсіріп, беташар жасаса, енді бірі жарапазан айтып, жұртшылықтың қошеметіне бөленді. Сонымен қатар қала тұрғындары мен қонақтар бесікке салу, айдар кесу, атастыру секілді салт-дәстүрлерді тамашалады. Бұқара халық арасында ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өткізілді. Одан бөлек, «Көлтауысарлар сайысы», яғни қымыз ішуден жарыс өтті. «Атамекен» отбасылық үлгідегі балалар ауылынан шыққан екі жас шаңырақ көтеріп, келіннің беташар рәсімі жасалды. Қолөнершілердің ұлттық бұйымдары да жұртшылықтың ықыласына бөленді. Қала тұрғындары мен қонақтары наурызкөжеден дәм татты.

Осылайша мереке күні мұқым елдің мейманасы тасып, көпшілік тәтті тағамдардан ауыз тиіп, қызықты ойын-сауық бағдарламаларын тамашалады. Белгілі әншілер Ғазизхан Шекербек, Кенжебек Жанәбілов, Мөлдір Әуелбекова және жергілікті өнерпаздар әсем әннен шашу шашып, мерекелік думанның сәнін келтірді.

1-бет

ТАНЫМ

Әлемді мейірім құтқарады

Әлемжеліде адамдарды жақсылыққа үндейтін, мейірім-шапағат жоғалып кетпегенін, қайырымның қайтарымы болатынын дәлелдейтін жазбалар кезігіп қалады. Кейбіреуі ойдан шығарылған болуы да әбден мүмкін. Дегенмен оларды оқып отырып, қараңғы мен жарық, ызғар мен жылы, қара мен ақ, жоқ пен бар итжығыс түсіп жататын тіршіліктің жарқын тұсы таразы басын басып кететініне еріксіз сенесіз. Солардың бірнешеуін оқып көріңіз.

Уинтонның балалары

Желіде тараған бұл бейнеүзікті бәріміз көрдік. Қарт кісіні қаумалаған адамдар... Бірінен кейін бірі орнынан тұрып жатты. Әлгі қарт көңілі босап, көзіне жас алды. Бұл – 2015 жылы 106 жаста өмірден өткен сэр Николас Уинтон, ал қасындағылар өзі өлімнен құтқарған адамдар еді.

Сэр Уинтон 1939 жылы Чехословакияның нацистер басып алған аймақтарынан 669 баланы алып шыққаны туралы жарты ғасыр бойы ешкімге тіс жармаған. Оның ерлігі туралы дерек ойламаған жерден жария болды. 1988 жылы әйелі үй шатырынан басқа зат іздеп жүріп ескі альбом тауып алады. Балалардың суреттері, құжаттар және өше бастаған жазбалар... Бұл альбом табылмағанда осынау құтқару операциясы туралы білмейтін едік.

1938 жылы еврейлер фашистерден қашқанда арасында бала көп еді. Уинтон осы балаларды құтқаруға бел буды. Жалғыз өзі оларды елден шығарудың жоспарын жасады. Прагадағы қонақ үй нөмірін дүкен сияқты етіп ашты. Онда ұрпағын құтқару үшін ата-аналар ағылып келді. Николас балалардың аты-жөнін жазып алып, суреттерін жинады. Күдік тудырмау әрі уақыт ұту үшін шенділерге оңды-солды ақша берді. Сөйтіп аз уақытта 900-ге жуық баланы тіркеп үлгерді.

Лондонға оралып, өзін «Чехословакия қашқындары ісі бойынша британдық комитет. Балалар бөлімі» деп атап, балаларды қабылдайтын отбасылар мен қаржы іздейді. Газет-журналдарға хабарландырулар басып шығарып, көп отбасыны келістіреді. Ұлыбритания Сыртқы істер министрлігіне балаларға виза рәсімдеу туралы өтінішпен барады. Шенеуніктер асықпайды, бірақ уақыт қысып бара жатты.

Гестапо шенділерімен ретін тауып балалар мінген пойыздарды тоқтатпау туралы келісімге келеді. 1939 жылы 14 наурызда 20 бала мінген алғашқы пойыз Прагадан шықты. Николас Уинтон мен оның серіктестері осындай 8 сапар ұйымдастырып, қалған балаларды да алып шығады.

Лондонда балаларды жаңа отбасылары күтіп алды. Әр қашқын баланың киімінде аты кестеленіп жазылған. Жоғарыда аталған 8 пойыздың 7-еуі Лондонға жетіп, 669 бала құтқарылған. Қалған сегізінші пойыздағы 250-нің тағдыры белгісіз.

Құтқарылған жеткіншектердің бәрінің ата-анасы Освенцим, Берген-Бельзене, тағы басқа лагерьлерде өлтірілген. Ал құтқарылған балалардың кейбіреулері соғыстан кейін Ұлыбританияда қалды, көбі АҚШ, Австралия, Израильге көшті. Олардың арасынан түрлі мамандық иелері, режиссер, физик-теоретик, астроном, дәрігер-генетик, бірнеше Нобель сыйлығының иегері шыққан. Олар «Уинтонның балалары» деп аталды.

Жоғарыда айтқанымыздай, Уинтонның ерлігі туралы альбом табылған соң ғана мәлім болды. Онда балаларды асырап алған отбасылардың мекен-жайлары да жазылған екен. Барлығына хат жіберіледі де, 80-дей адамның дерегі анықталды. BBC-де көрсетілетін That's Life! ток-шоуына Уинтон студия көрермені ретінде шақырылды. Алғашында ол жүргізуші Эстер Ранценнің өзі туралы айтып жатқанын аңғармады. Әңгіменің ұзынырғасы айтылып болысымен шағын студиядағы 20-дан астам адам орнынан тұрды. Бұлар Уинтон құтқарған балалар еді.

Уинтон 1994 жылы Израиль президентінен алғыс хат алды, 1998 жылы чех орденімен марапатталды. 2002 жылы II Елизавета патшайым оны рыцарь деп жариялады, ал 2014 жылы 105 жасында Чехияның ең жоғары наградасын алды.

Николастан осынша қауіпті қадамға қалай тәуекел еткені туралы сұрағанда, ол жай ғана: «Өлім аузындағы балаларды құтқару керек болды, басқа ешкім ол жайлы ойламаса амал нешік» депті.

Өшпенділікті жеңген өнер құдіреті

Әлемдік классикалық музыканың алыптары, ұлы тенорлар Пласидо Доминго мен Хосе Каррерастың достығы мен жауласуы туралы оқиға да көпшілікке мәлім. Испания тарихын білетіндер Каталония мен Мадрид арасы автономияға байланысты қырғи-қабақ екенінен де хабардар.

Хосе Каррерас – каталондық, Пласидо Доминго Мадридте туған. Саяси себеп 1984 жылы екі ұлы тенорды бір-біріне жауластырды. Екі әншінің де келісім-шарттарына «әлемнің қай түкпірінде өнер көрсетсе де, бірі ән шырқайтын концертке екіншісі шақырылмауы тиіс» деген ерекше тарау жазылды.

Алайда 1987 жылы Каррерастың Домингодан да асқан «жауы» пайда болды. Ол – аса қатерлі лейкемия ауруы. Әншінің барлық уақыты мен күш-жігері аурумен алысуға кетті. Жілік майын ауыстыру, қан құю сияқты ауыр-ауыр процедуралардан өтті. АҚШ-қа ай сайын ұшуға тура келді. Бұл жағдайымен ән айту қайда? Сол кезге дейін жиған-тергені де таусылуға айналды. Қаражаты біткен кезде лейкемиямен ауыратын адамдарды қолдау үшін ашылған Мадридтегі «Хермоза» қоры туралы біледі. Сөйтіп осы қордың қаржысына емін жалғастырады.

Ержүрек каталондық Каррерас өзінің миллионнан бір адамға берілген ғажап даусын бұзып алмас үшін анестизиядан бас тартты. Жанын жеген дертпен осылайша күресіп жеңіп шықты. Сөйтіп қайтадан өмірінің мәні – өнерін жалғастырды. Қайтадан жоғары гонорар алып, барлығы жолға қойылған соң өзін құтқарған қордың жұмысына көмектескісі келген. Қор жарғысын оқығанда ғана оның құрылтайшысы, президенті әрі бас демеушісі Пласидо Доминго екенін біледі. Ол ол ма, «Хермоза» қоры әу баста өзін, яғни Хосе Каррерасты емдеу үшін құрылған екен. Доминго жауынан көмек сұрауға арланатын Каррерастың намысына тимеу үшін оны емдетуге арнайы қор құрғанын құпия сақтаған.

Осыдан кейін Хосе Каррерас Мадридте өтіп жатқан Пласидо Домингоның концертіне кіріп келіп, жау санап келген әріптесінің аяғына жығылады да алғысын айтады. Пласидо оны орнынан тұрғызып, құшағына басқан. Осылайша екі ұлы тенордың достығы басталыпты.

Журналистер Домингодан өзімен бәсекелесіп, жауласып келе жатқан адам үшін «Хермозаны» неге құрғанын сұрағанда: «Мұндай дауыстан айырылып қалуға қақымыз жоқ» деген екен.

«Бұлай болуы әбден мүмкін»

Кеңестік кезеңнің ең үздік фильмдерінде ойнаған актер Юрий Никулин туралы бұл оқиға ол қайтыс болғаннан кейін айтыла бастады. Оқиғаның нақты болған-болмағанын сұрайтын актер бүгінде өмірде жоқ. Бірақ оны жақын танитындар бірауыздан «бұлай болуы әбден мүмкін» дейді.

«Цветной бульварда» орналасқан цирктегі жұмысына келе жатып Никулин жол апатына куә болыпты. Көлік жас әйелді жаяу жүргінші жолағында қағып кеткен. Қасындағы 6 жастағы баланы періштесі қаққан шығар, аман-есен. Әйел сол жерде қайтыс болды.

Актер тез қимылдап, үстіндегі пиджагін шешті де, шешесінің жансыз денесін бала көзінен таса қылу үшін әйелдің үстіне жапты. Жедел жәрдем, милиция, басқа да қызметтер келе бастады. Абыр-сабыр, баламен ешкімнің шаруасы жоқ. Тек Никулин оны әлгі ортадан шетке алып шықты, көңілін аулау үшін мойнындағы араның суреті бар қызыл галстугін шешіп сыйға тартты. Милиционермен сөйлесіп, баланы таксиге салып алды да, әжесіне апарып тапсырды.

Жұмысына екі сағат кешігіп жеткен цирк директорын жапон делегациясы күтіп отырған еді. Гастроль жайлы сөйлесу алдын ала келісілген. Екі сағат бойы сарылып күткен адам шетелдік делегация алдына пиджаксіз, галстуксіз, жейдесінің жеңі білекке дейін түрілген кейіппен кіріп келіпті. Онсыз да шыдамы таусылып отырған жапондар мына көріністен кейін бірауыз сөзге келместен кабинеттен шығып жүре берген екен.

Арада бес жыл өтеді. Сол жолғы делегацияны бастап барған Ито Кобаяси Никулин куә болған жол апаты туралы естиді де, оның неге кешіккенін түсінеді. Актерге Токиоға келу туралы шақыру жібереді. Никулин әуежайдан түскенде өз көзіне өзі сенбейді. Оны пиджаксіз, галстуксіз, жейдесінің жеңі білегіне дейін түрілген Итоның 78 қызметкері күтіп алады. Жапон дәстүрімен иіліп құрмет көрсетіп, актердің сол жолы жасаған қайырымдылығы үшін алғыс айтыпты.

М.МЕРЕЙ

Простатит, аденома, несеп шығару қызметінің бұзылуы, импотенция, бедеулік?!



Армысыздар, құрметті оқырмандар! Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 40 жастан асқан ер адамдардың басым бөлігінде урологиялық аурулар бар. Простатит, простата аденомасы, уретрит, кіші дәреттің жиілігі, белсіздік сынды аурулар егде жасқа жеткен ер азаматтарда ғана емес, сонымен қатар жастар арасында да белең орын алуда.

Простатит 95% жағдайда созылмалы, жұқпалы емес ауру түрінде кездеседі. Көбінесе оның пайда болуы зиянды әдеттерге, суық тигізуге, кіші жамбас мүшелеріндегі қан айналымының бұзылуына, сирек немесе бей-берекет жыныстық қатынасқа түсуге байланысты болады. Қуықасты безі қабынып, осы арқылы өтетін несеп жолы арнасын қысып тастайды. Соның салдарынан зәрдің шығуы тежеліп, зәр толыққанды шықпай, несеп қалтада зәрдің қалдықтары қалып қоя береді. Толық босатылмаған қалдық зәр қайта зәр сындыруға шақырып, дәрет арасы жиілейді. Мұның барлығы жайсыздық пен кіші жамбас аймағындығы ауырсынуға ұласады. Уақыт өте келе жыныстық қызметтің бұзылуы, ерлер күш-қуатының әлсіздігіне әкеліп соғады.

Емдеуді кейінге шегере отырып, ер адам өзіне үлкен қауіп төндіреді, өйткені ауру асқыну кезеңіне түскенде, мәселені хирургиялық жолмен шешуге тура келеді. Операция әрдайым 100% оң нәтиже бере бермейді. Оған қарамастан егде жас қарсаңында адамдар үшін қауіпті, себебі жүрек-қантамыр жүйесінің қоры азайып, ағзаның иммундық жүйесі әлсірейді

Егер де сіз, өз бойыңызда қуық асты безінің ауру белгілерінің пайда болуын байқасаңыз, дереу көмекке жүгінуіңіз қажет. Мысалы: зәр шығарудың бұзылуы, еркектік әлсіздік, ауырсыну белгілері, уретральды каналдың қысылуы . Сократ айтқандай «Денсаулық - барың емес, бірақ «барың» денсаулықсыз маңызды емес». Бақытымызға орай, қазірдің өзінде урологиялық ауруларды емдеуге арналған Израиль технологиясымен әзірленген «Уроформен» парафармацевтикалық сапасы дәлелденген, күшті препарат бар. Уроформен - қабылдаудың алғашқы кезеңінде-ақ, жыныс безіндегі, несеп жолындағы қабыну процесінің қоздырғыштары болып табылатын бактериялар мен микроағзаларды шығарып, простата безінің қабынуы мен ісінуін тоқтатады. Нәтижесінде несеп шығару процесі жақсарып, ауырсынуды жояды. Сонымен қатар, Уроформен жыныс бездерінің жұмысын жақсартады. Ал, ол өз кезегінде ерлердегі жалпы күш-қуат беретін тестостеронды қажетті мөлшерде бөліп шығарып, ерлерде кездесетін жыныс әлсіздігін жояды. Осылайша, күрделі процестің арқасында Уроформен бүкіл несеп-жыныс жүйесінің жұмысын қалпына келтіреді.

Мына телефон арқылы кеңес алып «Уроформен» препаратына тапсырыс бере аласыз: 8 705 926 37 98 немесе uroforman.kz сайты арқылы. Тегін жеткізу қызметі бар.

Ұтымды сәтті тиімді пайдаланып, Уроформен курстық бағдарламасына 40% жеңілдікпен тапсырыс беруге асығыңыз.

Оразбаев Мұратхан Орал қаласы

Сәлеметсіздер ме! Жақында ғана мен простатитті емдеуге арналған «Уроформен» деп аталатын дәрі сатып алдым. Оны қолданғаннан кейін осы препаратқа қатысты нақты бір пікір пайда болып, сіздермен бөлісуді жөн көрдім. Алдымен сіздерге ауруым туралы қысқаша айтып өтейін. Мені бірнеше жыл бойы простатит ауруы мазалап келді, көбіне ауру қыста асқынып кететін. Шап аймағында және зәр шығару каналында ауырсынулар пайда болып, үнемі ыңғайсыздық мазалайтын болды. Осы уақыт аралығында қаншама дәрі қабылдап көрдім. Кейбір дәрі-дәрмектерден пайда болды, бірақ өкінішке орай әсері ұзаққа созылмады. Ал «Уроформенді» қабылдағаныма 2 ай болды. Осы препаратты қабылдағанның нәтижесінде аурудың барлық белгілері кетті. Қазір өзімді жақсы сезінемін. Осыған дейін мазалаған ыңғайсыздық та сезілмейді және төсек қатынасы да қалпына келді. Айтарым, осы өнімге толықтай көңілім толды. Баршаңызға зор денсаулық тілеймін, сау болыңыздар!

RU.77.99.88.003.R.002595.07.22 29.07.2022 ж.
БҚК. Сақтық мерзімі бойынша

Құрамындағы негізгі белсенді заттар: препараттың құрамында химиялық компоненттер жоқ.
Дозасы және қабылдау әдісі: қабылдау ұзақтығы 1 айдан жоғары.
Қарсы көрсеткіштер: компоненттерге жеке төзбеушілік.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А". e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz Таралымы 24322 Тапсырыс №469 Кезекші редактор **Ержан ҚОЖАС**